ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 30 (411) 29 шілде, 2021 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АЛҒАБАСТАН АТТАНҒАН АРҒЫМАҚ ФИНЛЯНДИЯНЫҢ ТАС ТҰҒЫРЫНДА ТҰР

5

ЕЛІМ МЕНІҢ!

STOP: COVID

ҚЫЗЫЛОРДА «ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚТА

Елімізде маусым айындағы жағдаймен салыстырғанда шілденің соңғы екі аптасында індет жұқтырғандардың саны 4,8 есеге көбейген. Бұл туралы осы аптада Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Мемлекет Басшысымен кездесуінде айтты. Министрдің айтуынша, әлемде коронавирус індетінің жаңа «Лямбда» штамы Солтүстік және Оңтүстік Америка мен Еуропа елдерінде таралуда. Президент сақтық шараларын күшейтуді тапсырды.

Гүлбану МАҚАЖАН

Кешегі жағдай бойынша Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес 163 жағдай тіркеліп, Қызылорда «қызыл» аймақта тұр. Вирустық инфекцияның алдын алу мақсатында вакциналау қызу жүргізілуде. Қызылорда облысында бүгінгі күнге дейін I компонентпен 213 467 адам вакцина салдырды, II компонент салдырғаны 136 857 адам.

«Саламатты өмір салтын қалыптастыру маманы Ағжан Жандарбекова мен эпидемиолог дәрігер Сабыр Бақыт мекемелерді аралап, санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарды екпе алуға шақырып отыр. Екпе алуға халықтың көзқарасы жақсарып келеді. Бір жасқа дейінгі баласы бар аналар, жүкті әйелдер және 18 жасқа толмаған жасөспірімдер вакцина алудан босатылады. Екі екпе алу кабинеті күндіз-түні жұмыс істеп тұр», – дейді №6 емхананың бас дәрігері Жанат Шайхисламқызы. Емханада екпе алу үшін кезек көбейген. Бірінші дәрігерге қаралып, кеңес алып барып шешім қабылдайды. «Ер адам екпеден қорқа ма екен?!» дейді екпе салдыруға келген зейнеткер. «Менің жасым 63-те. 2004 жылдан бері жүрек ауруымен есепте тұрамын. 2013 жылы жүрекке ота жасаттым. Қан қысымым да төмен. Дәрігеріме қабылдауға бардым. Кеңесін алып, екпе салдыруға шешім қабылдадым. Жарым да, қызым да екпе қабылдадық. Ешқандай ауырсыну белгілері болған жоқ. «Сақтансаң сақтаймын» деген, жақындарымыз үшін сақтанып жүрейік. Емханада есепте тұрған соң уақытылы дәрігерге қаралып, тегін дәрілерін алып тұрамын. Еңгезердей ер азаматтардың еш жері ауырмаса да екпені салдырғысы келмей қорқып тұрғанын көрдім. Ұят қой», – дейді қала тұрғыны Пазылхан Бекбатыров.

Қала тұрғыны Эльмира Үркінбаева дерттен сақтануды жөн көргенін айтады. «Мен жұмыс істемеймін. Әйтсе де жақындарымызбен қарым-қатынастамыз, соларға зияным тимесін дедім. Өзім де ауырмаудың жолы вакцинация екенін түсіндім. №6 емханаға барып екпе салдырдым. Қыздарым – студент. Олар да вакцина алды. Алғашқы күні екпе салған орны ауырды. Қазір жағдайым жақсы», – дейді ол.

Қызылорда қаласының бас санитары жаңа қаулыны жариялады. Онда қоғамдық тамақтану орындарының «Ashyq» жобасына өткеніне қарамастан жұмыстарына шектеу қойылды. Кәсіпкерлер қаншама адам жұмыссыз қалатын болды деп реніш білдірсе де, бас санитар жағдайдың күрделі екенін айтады. «Қазір қалалық аурухана, жұқпалы аурулар ауруханасы бәрі науқастарға толы. Реанимация бөлімдерінде де орын жоқ. Күніне 100-ден аса науқас тіркелуде. Блокпост қою әзір қаралмаған. Біз қаулыны ведмостааралық комиссия отырысының хаттамаларына эпидахуалды сараптап дайындаймыз. «Ashyq» жобасына кәсіпкерлер енуі қажет. Әйтседе қоғамдық тамақтану орындарын мониторингтік топ тексеріп, 50 адамнан аспау керек деген шектеуге құлақ аспай, көп адамға тапсырыс алып, карантин талаптарын бұзған 100 кәсіпкерге тыйым салды. Соның өзінде карантиндік шектеулерге немқұрайлы қарау азаймай отыр. Қазір басты мәселе халықты шоғырландырмай, дерттен сақтап қалу» – дейді Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев.

Былтыр осы кезеңде қаншама адамнан айрылып, Туымыз төмен түсіп, қара жамылдық, Қаралы күн есімізден кетпесі анық. Биыл да індетпен ауырғандар күннен күнге тоқтаусыз көбеюде. Тыйым салынса да, той-томалақ, жиын өткізу азаймай тұр. Карантиннің қарапайым талаптарын сақтауға салғырт қарауымыздың кесірі өзімізге ғана емес, отбасымыз бен туыстарымызға, айналамыздағы адамдарға тиюде. Қарапайым ғана сақтанудың алтын ережесі маска кию, қолды жиі жуу, арақашықтықты сақтауды естен шығармасақ екен.

ЖАЛҒЫЗ ЖОЛАУШЫ

30 күн ішінде 60 мың теңгемен Қазақстанның шығысы мен батысын тұтастай шолып шығып, еліміздің сұлу табиғатын тамашалауға болады дегенге сенесіз бе? Жетінші арнадағы "Оян, Qazaqstan" бағдарламасының тілшісі Санат Ілияс автостоппен біз айтқан соманы қалтасына салып, Марқакөлден Каспийге дейін бір ай ішінде саяхаттап, Қазақстанның біз білмейтін ғажап көрінісін көременге ұсынуды қолға алған. Жолаушының айтуынша, оның мақсаты – 100 адаммен танысу, итбалықпен суретке түсу, жан аяғы баспаған сұлу табиғатты көрсету және мүмкін болса, болашақ жарын кездестіру.

Ерасыл ШӘРІБЕК

Санат бұл саяхатын одан да қызықты ету үшін өзіне бір күндік лимит қойды, осы уақытта ол күніне 2 мың теңге ғана жұмсауы керек.

Журналист 30 күндік бұл жолға өте тиянақты дайындалыпты. Біріншіден, Қазақстанның кең байтақ даласынан шынайы әрі әдемі кадрлар түсіру үшін өзімен алып жүретін техникасын жабдықтап алған. Екіншіден, жолда қиналмауы үшін телеарнадағы әріптестері шашын тақырлап алып беріпті. Ал үшіншіден, әрине, алдағы 30 күнде ауа райы қалай құбылатыны белгісіз, керек-жарағы мен киім-кешегін де реттеп алған.

Осылайша "жалғыз жолаушы" шығысқа шілденің басында Марқакөлге қарай бет алды. Санат Ілияс жолда түсірген видеоларын Жетінші арнадағы "Оян, Qazaqstan" бағдарламасының Instagram-дағы парақшасына ұсынады. Ол жердегі қадрлардан оның Тайынты, Күршім сияқты ғажап ауылдардан өткенін көруге болады. Санат Марқакөлге жету үшін алдымен Күршімге жетіп алады. Ең қызығы, онда ауылдан 80 шақырым жерде екінші Марс бар екенін біледі. Бұл Қиын Керіш деп аталатын жер. Жергілікті тұрғындар оны "Елестер мекені" деп те атайды-мыс. Журналистің саяхаты дәл осы жерден басталады.

Санат Марқакөлге бару үшін енді Қалжырға жол-жөнекей жетіп алады. Онда ауа райы күндізгі 11.00-ден 21.00-ге дейін 25 градустан жоғары екен, оған қоса шыбын-шіркей көп болғаны сонша, қалың киінуге мәжбүр болған.

Одан ары тағы 2-3 көлікке отырып Санат Марқакөлге жақын маңдағы тауларға жетеді. "Керемет көріністерді көріп, еңбегімнің зая кетпегенін түсіндім. Дәл қазіргі көңіл күйімді ешқандай алтынға ауыстырмас едім", – дейді ол. Аңқайлауда ол тосын жағдайға тап болыпты. Оның шатыр құрып, түнейін деп жатқан жері зират болып шығыпты. Бұл туралы оған жергілікті тұрғын келіп айтқан. Абырой болғанда сол жерде танысқан Диана есімді қыздың ата-анасы үйіне кіргізіп, түнеуге рұқсат берген екен.

Төртінші күні Санат ақыры Марқакөл табиғи қорығына жетеді. Оның айтуынша, суы тап таза, мөлдір, құмы жұмсақ, табиғаты әсем. Алайда суға түсуге, балық аулауға болмайды. Ал келушілер некен-саяқ.

"Марқакөлде демалғыңыз келсе, жеке көлікпен баруға кеңес беремін. Ал Өскеменнен такси жалдау құны - 50 мың теңге. Демалыс үйлері де бар. Адам басына кемі 2000 теңге болады.

Менің ойымша, Марқакөл дарынды, талантты бала сияқты. Барлығы бар, табиғат, орман, су, көл, әдемілік. Бір ғана нәрсе жетіспейді, бұл – қолдау. Көңіл бөлінсе, туристік орталыққа айналады. Мен оған сенемін", – дейді ол.

Санат Ілияс саяхатқа стереотиптерді жою үшін шыққанын айтады.

"Қазір адамдарда мейірім жоқ, сананы тұрмыс, қаржы билеген заман дейді. Мен осы стереотиптерді жою үшін саяхатқа шықтым. Осы уақытқа дейін жолыма бір тиын төлегем жоқ. Барлығы адамдардың көмегімен. Осы арқылы мен әлі де мейірімділік бар екенін көрсеткім келеді. Саяхаттау – жаңа дүниені тану, жаңа достар табу, жаңа көзқарас қалыптастыру", – дейді ол.

Оның айтуынша, қазір 2000 теңгені жеткізу емес, жұмсау қиын болып жатыр. Себебі көбі оны жұмсауға мүмкіндік те бермейді.

"Бір күн... Адамды бауыр қылатын да, жат қылатын да сол бір тәулік. Менің қазір кезіктірген адамдарымның бәрі күндік таныстықпен шектеледі. Олармен алдағы өмірімде қайтадан көрісем бе, жоқ па, бір Аллаға аян. Бірақ сол адамдарға бауыр басып қаламын", – деп ішіндегісін бөлісті Санат.

Ол Лепсі тауларында болған тағы бір қызық оқиғасын әңгімеледі.

"Жаңбыр жауып көлігіміз балшыққа батып қалды. Сол жердің Фархат деген тұрғыны бізге көмектесіп, қонаққа шақырды. Сәйтсек Жоңғар Алатауының ортасында оның омарта шаруашылығы бар екен. Сол жерден таза балдың дәмін таттық, балдан жасалған сусын іштік. Өте көңілді кездесу болды. Тауда тұратын Фархат пен елордалық менің басымды осы саяхат біріктірді", – дейді Санат.

Санаттың сөзінше, ол әр бағдарламада міндетті түрде суды көрсетеді. Оған себеп бар.

"Су ішіп, жуынып не түсін жатасың. Бәрінен бұрын судың қадірін ерекше түсіндіретін саяхат", – дейді ол.

Санатпен Қызылордадағы саяхатында жолығудың сәті түсті. Күннің нәрі жолаушының бет-бейнесін өзгерткен. Күнге күйсе де Санат жүріп өткен жолына дән риза. Әрбір өңірдің ерекшелігін байқаған ол Қызылордада ерекеше көріністерге тап болыпты.

"Қызылордадағы негізгі саяхатым Жаңақорған ауданында болды. Алдымен Түгіскендегі Аланқаққа бардым. Жер астынан шыққан ыстық су мені ерекше таңқалдырды. Адамға шипа сыйлайтын судың тарихымен танысып, түсіп те көрдім. 70 градус ыстық судың денені күйдірмейтіні қызық екен. Одан кейін Қызылорданың негізгі бренді саналатын Жайылманың қарбызынан дәм татып, егістіктегі шаруалардың жұмысымен таныстым. Сапардың соңы Жаңақорғандағы санаториямен қорытындыланды. Қызылорданың қонаққайлығы мен қарапайымдылығына разымын", – дейді жалғыз жолаушы.

Санаттың соңғы сапары қарт Каспийде қорытындыланады. Біз жолаушыға сәттілік тілеп, Батысқа қарай жол сілтеп жібердік.

«СЫР ДАРЫНЫ» БАЙҚАУЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ және «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігінің, облыстық «Сыр дарыны» жастар шығармашылығы байқауының аудандық іріктеу кезеңін Қармақшы ауданында қорытындылады. Алдыңғы күні қалалық іріктеу кезеңі өтіп, облыстық кезеңнің соңғы жолдамалары сарапқа салынды.

Бұл жолы байқаудың үздіктерін анықтау үшін қазылар құрамында Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов, ҚР мәдениет қайраткері, белгілі жырау Берік Саймағанбетов және айтыскер-ақын Нұрмат Мансұр болды.

Қалалық іріктеу кезеңінің жолдамасын сарапқа салуға қала орталығынан 15-тен астам жас өнерпаз қатысты. Алайда облыстық кезеңнің жолдамасы тек 4 өнерпазға бұйырды. Олардың қатарында «Айтыс» бағыты бойынша сынға түскен Піржан Сандыбай мен Бақдаулет Әбілданың айы оңынан туып, үздіктер қатарынан табылды. Сонымен қатар «Жазба ақындық өнер» бағыты бойынша Бексұлтан Санақұл жолданамы жұлып әкетсе, «Жыр-терме» бағыты бойынша Нұрай Әркенбекқызына бұйырды.

ШИЕЛІДЕ ЖАҢА БАСШЫ

Шиелі аудандық «Жастар ресурстық орталығының» басшысы тағайындалды. Әбдешов Ержан Біржанұлы Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі №41 бұйрығымен «Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры қызметіне тағайындалды.

Ержан Біржанұлы 1994 жылы 2 қарашада Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2012-2016 жылдары Алматы технологиялық университеті, тағам өндірістері факультеті, биотехнология мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесі, 2016-2018 жылдары Алматы технологиялық университеті, тағам өндірістері факультеті, биотехнология мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі. 2014-2015 жылдары Алматы технологиялық университеті Жастар кеңесінің жетекші маманы, 2015-2016 жылдары Алматы технологиялық университеті Жастар кеңесі тағағасының орынбасары, 2016 жылы «Адал сүт» ЖШС қабылдау бөлімінің лаборанты, 2017-2018 жылдары Алматы технологиялық университеті Жастар кеңесінің тағағасы, 2018-2020 жылдары Алматы технологиялық университеті Жастар саясаты бөлімінің басшысы, 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бүгінге дейін Шиелі ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Еріктілер қозғалысын дамытуға арналған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында құрылған «Сыр волонтерлері» орталығының еріктілері «Қайырымды істер» марафоны аясында тұрғындарға көмектесу мақсатында 2021 жылдың шілде айында түрлі бағытта іс-шаралар атқарды.

Атап айтар болсақ, Құрбан айт мерекесі қарсаңында қайырымдылық мақсатта тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік, ет таратып, автоеріктілермен бірге көмек көрсетті. Сонымен қатар Жастар үйі ғимаратында өрттен зардап шеккен жас отбасына көмектесіп, пәтерінің терезелерін ауыстырып берді.

Айта кетейік, «Қайырымды істер» марафоны аясында түрлі қайырымдылық және тұрғындарға қолдау шараларын ұйымдастыру жыл бойына жоспарланған.

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ДЕРТ

Бүгінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Оны болдырмау үшін Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойыша департаменті де қалыс қалып жатқан жоқ.

Мәселен, департаменттің әскери қызметкері Нұрбек Әбдірәкімов осы тақырып аясында семинар өткізді. ҚР үкіметінің 2015 жылдың 14 сәуіріндегі 234 жарлығымен "2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегия" бағдарламасы бекітілгені белгілі. Бағдарламаға сүйенсек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында реттеуші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін мемлекеттік орган құрылған. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін үйлестіруге де арналған. Бұдан басқа, оның қызметі сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басым екені мәлімделді. Осы заң семинарда талқыланды.

Қоғамды дамытатын адамдар екенін ескерсек, ойымызды жамандықтан аулақ ұстау бізге міндет. Дертпен жұмыла күресу керек.

Гүлмира ПІРІМЖАНОВА

КӨШПЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРМЕҢКЕ САБАЛАҚ САЯЖАЙЫНДА

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясындағы "30 игі іс", "Қайырымды істер марафоны" аясында екінші мәрте көшпелі негізде «Әлеуметтік жәрмеңке» ұйымдастырылды. Бұл жолы орталық мамандары Сабалақ саяжайына жол тартты.

Сағат 9:00-дан бастап түскі уақытқа дейін ұсынылған жәрмеңкеге 200-ден аса тұрғын келіп, өздеріне қажетті киімдерді, тұрмысқа қажетті заттарды таңдап алды.

Олардың қатарында кішкентай бүлдіршіндер де бар.

Сонымен қатар тұрғындар жастар орталығына және барша игі іске атсалысқан азаматтарға алғыс білдірді.

БИЛЕ, БИЛЕ!

Жастардың шығармашылығын қолдау, дарынды жастарды анықтап, олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, жастар арасында заманауи би, эстрадалық және халықтық би бағыттарын дәріптеу және дамыту мақсатында өткен аптада облыстық жастар ресурстық орталығы және "Эрудит" би орталығының ұйымдастыруымен би жарысы өтті.

Сайыс орта және кіші топ арасында заманауи және эстрадалық, халықтық би жанрын қамтыды. Байқаудың шымылдығын заманауи би жанры бойынша кіші топтағы бүлдіршіндер ашты. Бұл топта «Арапбай Гүлжанат» ұжымы жарыс жолын III орынмен аяқтаса, II орынға «Индиго» би ұжымы тұрақтады. Ал топтың жеңімпазы «Алтын алаң» би ұжымы болды. Одан әрі, орта топтағы бишілердің биімен жалғасын тапты. Бұл топтағы қатысушылар заманауи би жанры бойынша сынға түсіп, «Индиго» би тобы екінші орынға табан тіресе, «Алтын алаң» би тобы жеңімпаз атанды.

Халықтық би жанры бойынша сынға түскендердің арасынан «Сымбаттым» би ұжымы жеңімпаз атанса, «Яксард» би ұжымы 2-орын, ал «Арапбай Гүлжанат» бишілері 3-орынды қанағат тұтты. Сонымен қатар эстрадалық би жанры бойынша «Айару» би тобына тең келер ешкім болмады. Нәтижесінде аталған би тобы жеңімпаз атанса, «Арапбай Гүлжанат» бишілері 2-орынға жайғасты. Ал заманауи би жанры бойынша сынға түскен үлкен топ мүшелерінің арасында «Орда drive» би тобы үздік атанды. «Purple» би ұжымы әдіпқазылар шешімі бойынша 2-орынға тұрақтады.

Сондай-ақ дуэт бағыты бойынша «Индиго» би тобы қарсыласына жол беріп, 2-орынды иеленсе, «Мол бақыт» би ұжымы жеңімпаз атанды. Алайда «Соло гимнастикалық» жанр бойынша Аружан Саламатқа тең келер қарсылас табылмады. Нәтижесінде Аружан аталған жанр бойынша жеңімпаз атанса, София Ким 2-орынды иеленді.

Сайысқа қатысқан барша қатысушыларға алғыс білдірген қазылар құрамы жастардың жігерлі, талантты екенін айтты. Сонымен қатар сайыстың қатысушыларға үлкен сахналарға жол ашатынына сенім білдірді. Сайыс барлық қарантин талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылды.

БІР АЙДА – 46 000 ШАҚЫРУ

Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасына шілде айында 46 000 қоңырау келіп түсті. Яғни, орта есеппен мамандар тәулігіне 1500-ге жуық науқасқа алғашқы көмек көрсеткен. Бұл өткен жылдың мамыр-маусым айларымен салыстырғанда 8 мың шақырысқа көбейген. Бұл туралы облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы бас дәрігерінің орынбасары Ғалия Нұрсейітова мәлімдеді.

«Коронавирус инфекциясының тарауы жиілеген тұста, жедел жәрдем қызметі өз жүктемесінен екі есе шақырыс қабылдады. Жедел жәрдем стансасына түскен шақыртулардың күрт өсуін ауа райы температурасының жоғарылығымен және «Covid-19» инфекциясы мен жоғары тыныс жолы ауруларының артқанымен байланыстырып отырмыз. Өткен аймен салыстырғанда жоғары тыныс жолы аурулары – 34%, пневмония – 56,2%, жедел респираторлы вирусты инфекция – 37,5%, «Covid-19» инфекциясы - 52% өсті», – деді Ғалия Нұрсейітова.

Бұдан бөлек салқын тағамдар мен сусындардың көп пайдаланылуы әсерінен дене температурасының жоғарылауы, тонзилит, фарингит, трахеит диагноздарымен түскен науқас саны өсті. Соңғы уақытта пневмония, коронавирус инфекциясымен түскен шақырыстардың 10%-ы балалар. Мысалы, осы айда «Covid-19» инфекциясымен 480 шақырыс орындалса, оның 47-сі бала, пневмония диагнозымен 1296 шақырыс орындалса, 133-і бала болып отыр.

КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ЕМІ – ВАКЦИНА

Шолпан Арғынбаева, «Сенім» емханасы директорының пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі бойынша орынбасары:

«Бүгінгі таңда әлем халықтары, оның ішінде біздің елімізде коронавируспен күрес жұмыстары жалғасуда. «Covid-19» вирустық инфекция қатарына жатады, яғни ауру ауа арқылы тарап, азаматтарға ауа арқылы жұғады. Сондай-ақ қазіргі таңда түрлі штамдар шығып жатыр. Вирустың таралуы мен түрленуі күннен күнге күрделеніп барады. Әрине бұл ретте баршамыздың бойымызды қорқыныш билейтіні рас. Дегенмен әрбір аурудың емі де болатыны секілді, коронавирус инфекциясының да емі, яғни жоғар жолы табылды. Ол – вакцина. Өткен жылдан бері шетелдік және отандық ғалымдар бұл дертпен күресу үшін вакцина жасау жолында көп тер текті. Ендігі кезекте әрбір азамат екпе жұмыстарына жауапкершіліктен қарап, вакцина қабылдаса, бұрыны жақсы күндеріміз қайта келер еді. Сол себепті вакцина салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастыруға асығайық!» – дейді.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

Бақтөре АЙТБАЕВ

Жасұлан СЕРІК

«ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ»

ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының алтыншы жұбында өнер көрсеткен, Сырдария ауданының ақыны Бақтөре Айтбаев пен жалағаштық Жасұлан Серіктің айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Бақтөре Айтбаев:
Армысың, арқа қозған
даналарым,
Айтар ойды сараптап,
сараладым.
Міне, бүгін тамаша айтыс
болмақ,
Дүбірлетер сұлу Сыр
жағалауын.
Тәуелсіз ете білген болашағын
Ел ұмытпас ержүрек
бабаларын.
Алла берген бақ-ырыс сөз
дегенің,
Ұлтымның жырға қоссақ өз
дегенін.
Карантинде даурыққан
жүректердің,
Біздер тауып көрейік сөзбен
емін.
Аға тұрып сөйлегеннен жұрт
безінер.
Сондықтан мен ағама сөз
беремін!

Жасұлан Серік:
Сөйлесем әрбір сөзім болады
айқын,
Жігіт ем өлең жағын
шамалайтын.
Аман ба Бақтөредей ардақты
інім,
Тек қана жақсыларды
жағалайтын.
Группада отырған баршаңызға,
Амандастық айтысты
бағалайтын.
Аспан астын, жер үстін
мекендеген,
Ағайын-жұрт
ассалаумағалейкүм.
Бақтөре, үй-ішің аман ба, інім,
Ағаң үшін салмақты бағаң
бүгін.
Аузын ашса жүрегі көрінетін,
Түрінен білінетін адалдығың.
Жол үстінде келемін,
жазғандарым,
Кеш барып ісін қылмай
табандының.
Айтарыңды айта бер,
байланыстан,
Тыс емес жер болғанда жазам,
інім!

Бақтөре Айтбаев:
Арқалы ақын Жасұлан,
Өлеңге құмар жасынан.
Өр ақындардың бірісің
Асырмас сөзді басынан.
Жүректен құрап шумақты,
Көмейден төккен асыл ән.
Өзіңдей ойлы бауырмен
Жүздесуге әркез асығам.
Жомарт ұлдардың жампозы,
Қалмайтын ұлық іс қылып,
Атымтайлардың қасынан.
Мінезің ағысындай дарияның,
Батасын алған едің қарияның.
Көкейдегі ел мұңын айтсақ
болды,
Керегі жоқ әлқисса, арияның.
Бір үйдің президенті өзің
болдың,
Шырағын жағар мәңгі
жанұяның.
Премьерің анасы ұрпағыңның.
Халі қалай сұлу жар
Сәнияның?
Түсіме кірді менің үш қабылан,
Қаумалайды көп шағал
тұстарынан,
Үш қабылан мандайға бақ
болады.
Шығарса қиын сәттер
қыспағынан,
Біреуі қанатты екен аспандап
тұр.
Қорқамын соның биік
ұшқанынан,
Екіншісі орташа өз қалпында.
Бақылауда әлемді тысқарыдан,
Үшемнің үшіншісі шала туған.
Қазақтың айын оңнан тудыра
алмай,
Айырмақшы жұртымды
пұшпағынан.
Бұл түсімді бауырым жорып
берші,
Қорғап мені қорқыныш
мыстанынан!
Қазақтың бәрі өжет шеттерінен,
Тараған қайсар халық "Көк
бөріден" .
Жиғаны әлем білмес алтын
сандық,
Қуат алар жұрты еңбек
еткенінен.
Өткенді таразылап сөз
қозғайық,
Желпініп жетістікке жеткенінен.
Бірлігі бекем елдің шырайы
бар,
Білімде, ізденісте шынайы дәл.
Шекарасы елімнің шегендеулі,
Қарулы күштері мен күн, айы
бар.
Өр жұмада жиылған иманды
жұрт,
Ауызында шүкір мен құдайы
бар,
Урбандалған ұлтындай
уранымен,
Мұңайтпайтын қазақтың
мұнайы бар.
Өзге елдер қазақтай бола
алмайды,
Бағамдайды басшысы болар
жайды.
Қазақты сөз қылмасын
келімсектер,
Біз өспесек олар да
оңалмайды,
Спортшы ұландарда тектілік
бар
Төртжылдықтан алтынсыз
оралмайды!

Жасұлан Серік:
Үздік келсең жақсы ғой дара
топта,
Кенелесің бауырым бар атаққа.
Біз секілді суырып салмайсың
ба,
Шын ақынға не қажет
"загатовка".
Аллаға шүкір, жақсы, жеңгең
аман,
Тілеуімді шын тілеп елде
қалған.
Бойдақ кезде үйленсем деп
ойлайтын,
Менде де болып еді сендегі
арман.
Бастысы ниет ету, берік іс қой,
Кезі жоқ ниеттінің жерде
қалған.
Құлының шын дұғасын қабыл
етіп,
Сұраганын, шүкірлік, берген
Аллам!
Әй, Бақтөре, талантыңа
таласпаймын,
Жаманға жуымаймын,
жанаспаймын.
Ақ жүріп, адал тұрсам болды
маған,
Құдайдың ақ жолынан
адаспаймын.
Түсінді жорытатын басқа адам
тап,
Түс жорып, құмалақ сап, бал
ашпаймын.
Бұл айтыс өнердегі арда боп
тұр,
Қуаныш сыйлайтұғын жанға
деп бір.
Бауырымды жазып бір шабам
деп ем,
Рөлдемін, көңілім жолда
боп тұр.

Бақтөре Айтбаев:
Жылуын елге арнаймын
жалынымның,
Даралығын ел көрсін
дарынымның,
Дайын жазба қолдансам бұл
айтысқа,
Түскені болмайды ма
қадірімнің.
Біреуден ұрлап алған сөзім
емес.,
Ауызға түсіргені Тәңірімнің.
Мен айтқан мысал сөзді
барладың ба?
Саф сөзінді ініңе арнадың ба?
Арманым орындалды деп
сөйледің,
Қандай ару бар еді
арманында?
Өзіңе адал жарды іздеп
таптың,
Өзгелерден бөлек қой
талғамың да,
Түсімді түсінікті баяндағам,
Тереңірек зер салып барладың
ба?
Түс көрсем жауабына жолығам
деп,
Сәл ғана бір көз іліп алмадың
ба?
Көкжиектен атқанда құла
таңың,
Жасұланның жұрт білер шын
атағын.
Текті баба ізімен жолды берем,
Шарлай түссін әлемді дүр
атағың,
Екеуміз екі ауданда
туылғанмен.
Ұлымыз қазақ дейтін бір
атаның.
Жорымаймын деймісің түсті
түрлі,
Ұтымды ойға орай түс
ұсқынынды,
Жаз секілді жайлы сөзбен
қамдай түсші.
Қазірден бағдарға сап қыс
күнінді,
Түсіме еніп келген үш қабылан,
Тілгіленген тіл мұңы үш
тұғырлы!
Тапқырлығын айтады ел
табандының,
Әлі алда бас жүлде алар күнің.
Жұбым менің болғанмен
жақынымсың,
Алтыннан қымбат сенің
амандығың!

Жасұлан Серік:
Шабытты талай жерде
сынатып ек,
Арқасы қозатұғын бір ақын ек.
Рөлде жүріп айтысу қиын екен,
Ай негізі болады бір-ақ рет.
Бақтөре, шабытың
шалықтасын,
Талай-талай жанға өлең
сынатып ек,
Өйтеуір айтысқан мына
менімен,
Бақтөре бауырыма рақмет!
Алтыннан қымбат сенің бағаң
боп тұр,
Шүкірлік бір тамаша заман боп
тұр.
Бақтөре ағасына адал боп тұр,
Келесі кездескенше ақ
бауырым,
Ендеше бауыр бүтін, аман боп
тұр!

Бақтөре Айтбаев:
Ұлтымды өтем ойлап дәл,
Санаға жазып ойлы ақпар.
Ұлтым деп жүрер ұл туып,
Желбіреп көкте байрақтар.
Арулар келін атанып,
Азайсын елде бойдақтар.
Тіліне көшпей ағылшын,
Қандастар елге ағылсын.
Құз шыңда түнер көкектер,
Жемтігінен де қағылсын.
Өр шаңырақта шошқа емес
Қазанат тұлпар бағылсын.
Тастанды бала азайып,
Қарттардың үйі жабылсын,
Мерейі асып тілімнің.
Шырағы елдің жағылсын!
Осыменен айтысым тәмам
болсын,
Жұрты барда ақын неге алаң
болсын,
Жәкесі менің сізге бар тілерім,
Шапаныңда алтыннан жағаң
болсын,
Бибігүлдей бұл-бұл көмей
қызың менен.
Бұқарбайдай қол бастар балаң
болсын.
Бәрін айтта бірін айт тоқтаулы
сөз,
Елім тыныш, Алашым аман
болсын!

ЖАСӨСПІРІМДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУ ҮШІН

Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру маңызды. Себебі сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді. Бірақ өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға немқұрайлы қарайтын кей жастар, рухани өсуді қайдан ойласын?! Дәрігерлер қанша ескертсе де жаман әдеттерден арылғысы келмейді. Бүгінде жастардың темекі тарту, ішімдік ішу, есірткіге құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық танытуы, ерте жыныстық қатынасқа түсуі жастардың денсаулығына қауіп тудыруда. Біз бірнеше жасөспіріммен әңгімелесіп, олардың дәрігерге сирек қаралатынын білдік. «Дәрігерге соңғы рет қашан қаралғанымды білмеймін. Басым ауырса аспирин ішемін. Әлсіреп тұрсам, жатып дем алып аламын. Тісім ауырса, ауырғанын басатын дәрі ішемін. Соңғы рет тек тіс дәрігеріне тіс жұлдыруға бардым. Оның өзінде ауру жаныма батқан соң. Денсаулығымды толық тексертіп көрмеппін», - дейді 16 жастағы Алтынай Нұрболатқызы. Ал 15 жастағы Бақберген Азаматұлы белі ауыратынын және буындары сырқырап, футболға қатыса алмай жүргенін айтты. Өкініштісі сол, шағымын айтып емханаға бармаған. 23 жастағы Айша Нұрлыбек есімді бойжеткен әр ай сайын бүк түсіп ауырып қалатынын, бірақ дәрігерге барып қаралмайтынын жасырмады. Біз тілдескен жасөспірімдер емханаға барып қаралмақ түгілі жастар денсаулық орталығының қайда орналасқанын да білмейтін болып шықты.

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жастар денсаулығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылғанына биыл жеті жыл. Орталық – жасөспірім кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты кешенді медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмекті тегін және құпиялылықты сақтай отырып қызмет көрсетеді. Жеті жыл жастарға кеңес беріп, аурушаңдықтың алдын алып келе жатқан орталыққа бөлінетін қаржы биыл 70 пайызға қысқарған. Бұл орталық жұмысын күрт баяулатып, штат санын қысқартты. Орталықтың қалалық және 7 аудандық құрылымдық бөлімшесі жергілікті емханалар есебінен қаржыландырылып, орталық қызметін жалғастыруда.

– Біздің орталыққа 29 жасқа дейінгі жастар мен жасөспірімдер жүгінеді. Орталық мамандары тегін дәрігерлік кеңес береді. Бұған дейінгі жұмыстар нәтижесінде жасөспірімдер мен жастарды қамту 42,5 пайызға өсті. Аурушаңдық көрсеткіші төмендеді. Жастар денсаулығы орталығының басты қызметінің бір бағыты тәулік бойына психологиялық көмек көрсететін "Жедел желі" байланыс телефоны жұмыс істеп тұр. Орталық қаржылық қолдау тапса, жастардың тек дәрігердің кеңесін алып қана қоймай, толық тексеруден өтіп, ем алуына да жағдай жасар едік, – дейді облыстық жастар денсаулық орталығының директоры Гүлжихан Нысанова.

Жуырда ҚР Парламент Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова мінберден елге келген мезетте жасөспірімдер денсаулығы жайлы әңгімелестік.

– Жасөспірімдер денсаулығы туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне сенатор ретінде сауал жолдадық. Бүгінгі таңда «Қоғамдық денсаулық сақтаудың ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде әр облыста жүзеге асыруды ұсындық. Қазақстан Республикасының Жастар денсаулық орталықтары желісін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспары әзірленеді. Ол үшін көрсетілетін қызметтердің тізбесін және қолжетімділігін кеңейте отырып, жастар денсаулық орталықтарының (будан әрі ЖДО) қызметін жетілдіру бойынша. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент заң жағынан дербес Жастар денсаулық орталықтарын дамыту жоспарын әзірлеу жөнінде жұмыс тобы құрылды, – дейді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Жастардың өзіне қол жұмсауын болдырмау үлкен жауапкершілік жүктейді. Сенатор жасөспірімдерге психологиялық қолдау қажеттігін айтты. «Жасөспірім шақ – нағыз сенімді серік іздейтін, көңілдің албырт шағы. Бала өз қалауын, өз таңдауын жасағысы келеді. Ата-ананың баласының шешімдерін түсінбеуі, қолдамауы, тіпті балаға мүлде көңіл бөлмеуі психикалық өзгерістерге алып келеді. 2021 жылғы 2 тоқсанның қорытындысы бойынша республикада жасөспірімдер мен жастардың ұрпақты болу және психикалық денсаулығын қорғау жөнінде кешенді медициналық-психоәлеуметтік қызметтер көрсететін 142 жастар денсаулық орталығы жұмыс істейді. Медициналық ұйым ретінде бұл орталық қызметі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 92 бабымен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 «Он жастан он сегіз жасқа дейінгі көмелетке толмағандардың және жастардың ұрпақты болу және психикалық денсаулығын қорғау бойынша Медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі. Бұл әрбір жасқа денсаулық орталықтарының есігі айқара ашық болады деген сөз», – деді сенатор А.Әлназарова

Ең бастысы, жасөспірімдер мен жастар медициналық қызметтерді тегін алады. Сенатта жасөспірімдер саулығы кеңінен талқыланып, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығында көрсетілетін қызметтер тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарына сәйкес, жастар денсаулық орталықтары көрсететін медициналық 57 қызметті 105 дейін кеңейту үшін тізімнің жобасы әзірленген.

Сондай-ақ еліміздегі жасөспірімдер денсаулығына қатысты жобаларға халықаралық ұйымдар да қолдау білдіріп отыр. Халықаралық ұйымдар жастардың денсаулық мәселелерін толық зерттеп отырады. «Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНФПА) қоры Министрлік пен ЮНФПА арасындағы техникалық көмек туралы келісім шеңберінде жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті және психологиялық денсаулығы проблемалары бойынша клиникалық хаттамалар мен консультация беру алгоритмдерін әзірлеген. ЮНФПА әзірлеген материалдармен нозология бойынша пациенттердің жеке санаты ретінде жасөспірімдер үшін орталықта медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын әзірлеу жоспарлануда. Мұнан бөлек, еліміздің Денсаулық министрлігі және «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ аталмыш орталықтардың қызметтеріне қажеттілікті айқындап, республикалық бюджет қаражаты есебінен 2022-2024 жылдарға арналған жастар денсаулық орталығын қаржыландыруға болжамды қажеттілігін әзірледі. Яғни еліміздің барлық аймақтарында жастар денсаулық орталықтарына қажетті қаржы бөлінеді», – деді А.Әлназарова.

«Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі» деген Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы. Жасөспірімдер денсаулығы жіті назар аударуды қажет етеді. Әсіресе жастар уақытылы медициналық тексеруден өтіп, ем алуы үшін жергілікті жерлердегі жастар денсаулық орталықтарының жұмысын жақсартқан жөн. Бірақ қаржы бөлінбей, қызмет түрі тек кеңес берумен шектелмек. Жасөспірімдер денсаулығын жақсарту үшін қаржы бөлінер, әйтседе өз денсаулығы үшін басты жауапкершілікті әрбір жас өзі сезінсе игі еді.

Гүлбану МАҚАЖАН

ТЕРРОРИЗМ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Адамзат тарихында пайда болған барлық діндер гуманистік идеяны, қоғамдағы рухани құндылықтарды насихаттаған. Ешбір дін зұлымдық пен қиянатқа, зорлық-зомбылыққа жол бермеген. Дегенмен адамдар арасында билік пен байлыққа талас туындағанда діннің атын жамылып, мистикалық ұғымдарды, медитациялық тәсілдерді пайдаланған, ораторлық қабілеттерін дамытқан теріс пиғылды белсенді индивидтердің әрекеті әртүрлі діни ағымдардың пайда болуына әкелді. Бұл құбылыста ислам діні де шетте қалмады.

Ислам діні қазақ даласына таралу кезеңінде Әбу Насыр Әл-Фараби, Ахмет Игүнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашғари, Қожа Ахмет Яссауи, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б. шоқтығы биік тұлғалардың рухани көкжиегіне елеулі әсер етті. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мұстафа Шоқай, Шоқан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ағартушы зиялылардың ұмыр баспалдағында алғашқы сауатын медреседен ашқан. Осыдан-ақ дәстүрлі ислам құндылықтары халықты рухани кемелденуге, адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелейтінін аңғаруға болады.

Тарих сахнасында қазақ халқы діни сенімді, рухани мұраларды билікке қол жеткізу мақсатында саяси құрал ретінде пайдаланбған. Шығыс пен Батысты жалғастырған «Жібек» жолындағы сауда-саттық барысында будда, христиан діндері де ұлы дала төрінде таралып үлгерді. Алайда, дін мәселесі төңірегінде алауыздықтар, өзге дін өкілдерін кемсіту секілді оқиғалар орын алмаған.

Замана келбетінде жақсылық пен жамандық, қараңғылық пен жарық, мейірімділік пен зұлымдық қатар жүргендіктен, бейбітшілікке үндейтін ислам әлемімен бірге соғыс отынның тұтануына мүдделес топтардың жүретінін табиғи заңдылық деп те қарауға болады. Мұндай масштабты хаосты көздейтін, қарулы қақтығыс арқылы мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян тигізетін әрекеттерге «Терроризм» ұғымы беріледі.

«Терроризм» латын тілінен аударғанда «terror» – қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді. саяси мақсатты сылтауратын, күш қолдану, қоғам мен мемлекетке қысым жасау мақсатында жасалатын қасақана қылмыстық іс-әрекет болып табылады.

Терроризмнің үш сипаты бар, бірінші саяси, екінші діни және үшінші ұлттық сипаттағы төңкеріс. Жекелей тоқталсақ, 1) саяси сипаты – революциялық жолмен билікті басып алуға, қоғамдық резонанс тудыру арқылы мемлекеттің күйреуіне апаратын әрекет. 2) діни сипаттағы терроризм – діни ұғымдарды, догматарды алға тартып, ланкестік әрекетке шақыру және жасау. 3) ұлттық сипаты – ұлтаралық қақтығысқа, фашисттік идеяға басымдылық беру арқылы елдің тыныштығы мен бірлігін бұзуға әкелетін әрекет болып табылады.

XVIII ғасырда пайда болған бұл «терроризм» ұғымы соңғы 20 жылдықта кеңінен қолданыла бастады. Бұған себеп 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиға мен содан бері Ирак, Ауғанстан, Сирия, Ливан елдерінде жалғасып келе жатқан ланкестік әрекеттер болып отыр. Таяу Шығыс елдерінің соғыс алаңына айналуының негізгі себептерінің бірі Батыстық «Исламофобиялық стратегиядан» шыққан деген болжамды пікір бар. Бұл ақпараттық идеологияның жұмысы нәтижесіз болмағандығын байқаймыз.

Сондықтан, сыртқы ықпалды күштердің құрығына ілінбей, діни фанатизмге жол бермес үшін ата-баба дәстүрімен біте қайнасқан рухани және мәдени құндылықтарымызды бағалау, интернет кеңістігі мен қоршаған ортадан ақпарат алмасу барысында ішкі сүзгіден өткізу және Тәуелсіздік тұғырымызды сақтау жолында еңбек етуіміз қажет деп білемін.

Қорытындылай келе, тарихымызда қазақ халқы арасында теократиялық мемлекет, халифат құру секілді мәселелер көтерілмеген. Қоғамдық шиеліністерді бейбіт түрде шешу төрелігін билер алқасы орындап отырды. Бұл тарихи фактілер халық дүниетанымында діни тағаттылықтың орныққанын көрсетеді.

Терроризм – біздің тарихи санамыз бен табиғи болмысымызға жат құбылыс.

Дархан ЕРНАЗАРОВ,
Қызылорда облысы Дін істері басқармасының маманы

ИДЕЯСЫН МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАҒАН

Сүйікті ісін өз бизнесіне айналдыруды армандамайтын адам кемде кем шығар, ал егер арманды жүзеге асыра алсаң, істің берекелі болары сөзсіз, бастысы, қызығушылық пен қолдан келгені.

Шиелі ауданының тұрғыны Датқа Хамит Сәкенұлы әкесіне бала кезден бастап машинаны жөндеуге көмектесіп, бұл кәсіп сүйікті ісіне айналған. Есейе келе қызығушылығы артып, қала орталығында маманданған техникалық қызмет көрсету станциясыларында қосалқы жұмыстар жасай жүріп, әжептәуір тәжірибе жинақтапты.

Автомобильдерді бояу цехын ашуға шешім қабылдау, "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасында «Бастау Бизнес" жобасының аясында кәсіпкерлік негіздері бойынша базалық білім алғаны түртті болды. Негізгі және маңызды мәселе бастапқы капиталды алуға, Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында ауыл және қала жергілікті атқарушы органдармен қоян-қолтық осы бағытта жұмыс жасап отырған "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ-на ауыл әкімінің қолдауымен өтініш беріпті.

Мемлекеттік қолдау бағдарламасымен ұсынылған несиеге қол жеткізген, бүгінде жас кәсіпкер кәсібіне қажетті құрал-жабдықтарын алып, шағын техникалық қызмет көрсету станциясын ашып алған. Көмекші ретінде өз ауылдасын жұмыспен қамтып, білгенін үйретуде.

«Автокөлікті бояу – бұл адамның шығармашылық әлеуетін іске асыратын өте қызықты кәсіп. Бұл жұмыс дегеннен гөрі хобби деуге болады. Алайда, бұл кәсіп пайда да, қанағат та әкеледі. «Металлды бояудың жұмыс барысында тілін түсіне білу керек, бір біріне сәйкес келмеген жағдайда қалаған нәтижені шығару оңай емес, мен соны түсіндім және бұл ретте тәжірибем бар» - деп сенімді сөйлеген жас кәсіпкердің бұл кәсібі ұзағынан болатынына күмәніміз жоқ.

Финляндияның астанасы Хельсинки қаласында Қызылорданың екі азаматы күтпеген оқиғаға тап болады. Олар өз көзіне өздері сенбеді. Қаланың қақ ортасында орналасқан қара тасқа қазақтың аты жазылғаны таңырқатып тұр. Жан-жағынан көмек күтіп, жөн-жобасын сұрайын десе ешкім ұшырасқа қоймайды. Енді не істеуі керек? Абдыраған азаматтардың сол сәтте білгісі келген әңгімесін әріден қозғап, 29 жыл бұрын болған оқиғаның жай-жапсарын жазу бақыты бізге буйырды. Дәлірек айтқанда, өңір журналистикасының дамуына үлкен үлес қосқан, қазір Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Шайтмағанбетқызы төркіндеп Шиеліге келіп, осы әңгімені құлағы шалмағанда біз бұл тақырыпты жазар ма едік, жазбас па едік. Әлқисса, сол үшін таңмен таласып тұрып, Шиелі ауданы, Алғабас ауылына ат басын бұрдық. Мұны елден бұрын естіген ауыл ардагерлері кеңесінің төрағасы Жылқыайдар Машарапин ағамыз ауылдың кіреберіс аузынан күтіп алды. Амандық-саулықтан соң тікелей Тыныштықбай көкеміздің үйіне аяңдай бердік.

АЛҒАБАСТАН АТТАНҒАН АРҒЫМАҚ ФИНЛЯНДИЯНЫҢ ТАС ТҰҒЫРЫНДА ТҰР

АНОНС – АУЫЛДЫҢ АБЫРОЙЫН АСЫРДЫ

Атшаптырым аула, кең үйдің кеңістігінен ауылдың иісі аңқиды. Тыныштықбай көкеміз де тірлік десе тынымсыз кісі болса керек, қора-қопсысына дейін тап-тұйнақтай таза ұстағанынан ұқыптылығы анық аңғарылады. Жағалай көк желек, бау-бақшаға қызығушылығы да байқалады. Шеттеу шайла тұр. Тасасынан екі иығынан дем алған самаурын көзге түсті, ол ауылдағы ақ әжемнің бейнесін елестетіп өтті. Бір қарағанда, бейнеткеш ақсақалдың қол ұшы тиген қаншама шаруаның үлесі көзге ұрады. Бұл береке балаларына да терең тағылым-тәрбие екені айтпаса да түсінікті. Мұндай өмір мектебінің өнегесі ауыл адамына ұғынықты ұғым сияқты. Оны сезінем десеңіз, ауылға жиі баруға кеңес беремін.

Біз қазақы дәстүрмен қарашаңырраққа кірдік. Ауданның абыройлы ақсақалы Жылқыайдар ағамыз үлкендік жолымен сөзін жылпы пікірмен жалғап, әңгімені әріден қозғады.

«1991 жылы ел егемендігін алған тұста көптеген қиындықты бастан кешірдік. Өтпелі кезең емес пе, ел елең-алаң шақта еді. Егін мен мал шаруашылығы анау айтқандай мәз емес. Сол кезде халықтың тіпті, тал егуге де мұршасы болған жоқ. Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғандықтан, әрбір өңірде облыс әкімдерін тағайындау жүріп жатты. Президенттің Жарлығымен Сейілбек Шауханаманов Қызылорда облысына әкім болып тағайындалды. Ол қызметке орналаса салысымен ауыл-ауылды аралап, диқандармен кездесіп, күріштен мол өнім жинаудың жолдарын қарастырды. Алдымен диқандардың демалыс орнын (полевой стан) жаңартуды тапсырды. Өнім мол болу үшін бірінші кезекте еңбеккердің әлеуметтік жағдайын жақсартуды алға тартып, сол қарқынмен егіс даласындағы демалыс жайын жаңаладық. Бұл бірден нәтиже берді. Диқанға демеу болды. Сөйтіп күріштен алғаш рет 157 мың центнер өнім жинап, рекордтық көрсеткіш көрсетті. Бересекке белшеден батқан шаруашылықтар бір науқанда 10 млн теңге қарыздан құтылды. Берекенің арқасы ғой, мал шаруашылығы да дамыды. Іріқараның басы көбейді. Әуелден атбегілік дәстүр қалыптасқан ауылдың енді таза қанды жылқыға әуесі кетті. Сүйіндік Ахметов деген атбегімізді Ташкентке жібердік. Сол Ташкенттің ипподромынан 13 мың сомға Ахметов «Анонс» деген арғымақты алып келді. Сөйтіп сұлулықтың сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тегі асыл тұқымды екенін тұр-тұлғасын көріп-ақ байқауға болады. «Анонс» десе анонс болды, өз-өзін жарнамалауға жарамдылығы жеткілікті еді. Ол қатысқан бәйгеде басқа жылқыға жол жоқ, бас жүлдені бермеді. Несін айтасың, Ағабастың атын жарықтық «Анонс» шығарды. Бұл да бір бақ екен, адамнан күткен абыройды ат әкеледі деп кім ойлаған?» деп бір күрсініп, бір шешіліп алды.

САТЫП АЛҒАН АУРУДЫҢ ЕМІ ЖОҚ

«Бақсақ, «Анонс»1992 жылдың көктемінен күзге дейін 6 бәйгеге қатысыпты. Бәрінде бас жүлде!

Көз тиді ме, жақсы ат аяқтан қалады дей ме, әйтеуір 6 бәйгеден кейін арқырап тұрған арғымақ тұяғын ауыр басатын болды. Енді жарыстан шектеу керек деп шештік. Сөйтіп алыстағы сиыр ауылға жібердік. Ортақ келісім бойынша малдың жайын білетін маман Әбікен Тоғызбаев «Анонсты» баптауға жауапты болды.

Заманның кең кезі ғой. Жем-шөптен мәселе болмады. Малдың күйі көтеріле бастады. Аламанда ойқастаған айғыр қарадан қарап қорада жалғыз тұрсын ба, тар қапаста тыпыршып, тулай берді. Біресе кісінеп, мінез көрсетеді, біресе ойнақшып, кесе-көлденең шапқылайды. Бұл қылығы марқұм Әбекеңе ұнамады. Мінезі ауыр кісі еді ғой, әлгіндей әдетіне басқанда қамшысы қате тиіп, жылқының жанды жерінен (мүшесі) осып жібереді. Сегіз өрім қамшының соққысы осал бола ма, алтыннан қымбат атымыз сол мезеттен бастап науқасқа айналды. Былайша айтқанда, ауруды сатып алдық. Сатып алған аурудың емі болмайтыны тағы белгілі».

ӘЛЕМДІ АУЗЫНА ҚАРАТТЫ

«1992 жыл. Алматыда Әлем Президенттерінің қатысуымен дүние жүзі қазақтарының құрылтайы өтетін болды. Құрылтайға алыс-жақын елдерден 800-ден астам өкіл қатысады деп күтілді. Қазақстандағы саяси әрі маңызды шара. Бұған дейін мұндай ірі көлемдегі бас қосу болған емес. Жер-жерден келетін қонаққа қызмет көрсету үшін барлық өңір атсалысады.

Біздің аудан да әлгі айтулы шарадан қалыс қалмады. Облыс әкімі Сейілбек Шауханаманов «Анонстың» дардай атағынан хабардар. Соған сай ол: “Киіз үй мен «Анонсты» Алматыға дайындандар” деп тапсырма берді. Амал жоқ, тапсырманы мұқият орындауға міндеттіміз. Ат әбзелдерін дайындап, науқас жерін көзден таса етіп, жасырып қоюға тырыстық. Сөйтіп «Анонс» ақ бас Алатауға келді.

Үлкен жиын Алматының орталық алаңынан бастау алды. Қараша үйдің қақ алдында жасауы жарасымды әбзелдерін тағынған көз тартар көркіті Анонсты байлап қойдық. Ол ерекше көңіл күймен жұлқынып тұр. Көптің назарын өзіне аударып қояды.

Түс ауа Финляндия Президенті Мауно Койвиста мен Нұрсұлтан Әбішұлы біздің дастарқаннан дәм тәтті. Мына қызықты қараңыз, Мауно Койвистаның қызы Асси Койвиста «Анонсты» айналшықтап, сипалап, ұнатты да қалды. Керек десеңіз, ол мініп көруге бел байлады. Біз қалай оған қарсылық білдіреміз, Елбасының өзі ықылыс қойып, қарап тұр.

Ассидың атқа қонғаны сол еді, Орталық алаңның бір бұрышынан дыбыс күшейткіштен «Балбырауын» күйі қосылды. Күй құдіреті ма, әлде «Анонс» арқаланып кетті ме, тұлпар тұяғын түрлі қимылға салып, билей кетсін.

Жиналған жұрт аң-таң. Құдды циркте үйретілген арғымақтан аумайды. Мұнысы мыңдаған көзді жаулап алды. Сәйгүліктің сұлулығы мен ақылдылығына тәнті болған Финляндия Президенті Мауно Койвиста жылқыны сый ретінде тарту етуді сұрайды. Елбасы Мауноның ұсынысын қабыл алып, «Анонсқа» «құда түсті». Әрине, бұған ешкім шек келтірген жоқ. Бірақ жылқының науқасын жасыруға келмейтін еді.

ҰМЫТЫЛҒАН АМАНАТ

Құрылтай аяқталды. Апарылған заттарды жиыстырып, ауылға қайттық. Күзгі егінге орақ түсіп, әркім өз тіршілігімен айналысып кетті. «Анонс» сол күйінше сиыр ауылдағы қонысына барды.

Арада 5 ай өтті. Бір күні Алматы қаласынан телефон қоңырауы түсті. Хабарласушы Президент әкімшілігінен екен. Тұтқаны көтерген бойда «Финляндияға атаған жылқыны иесіне жеткізіңдер» деді. Аздап абдырап қалдық. Өйткені сый-құрмет жайлы аманат жадымыздан шығып кетіпті. Содан атты дайындауға кірістік. «Науқас жылқыны жіберіп, елдің атына кір келтірмейік» деп Телікөл совхозының директоры Нұрбекпен байланыс орнатып, қалың елдің ішінен«Анонсқа» тұр-сипаты ұқсас жылқы іздестірдік. Жанымда – Тәкең (Тыныштықбай).

Әйтеуір жобаға келетіндей, біреуін таптық. «Енді Финляндияға жеткізуді кімге жүктейміз?» деп тұрмыз. Өзара ақылдаса келе аттың қадірін білетін, жылқыға жанын беріп қарайтын Тәкең мен мал дәрігері Қыдырәлі Күлбаевты қаладық. Лезде жылқының құжатын дайындап, Қазақстан темір жолына арнайы вагон қарастыруын сұрадық. Мәселені шешкендей болдық. Бірақ уақыт зымырап жатыр. Құжат пен вагонды дайындаймыз дегенше, көктем де келді.Ұят деген нәрсе адамды жиі мазалайды ғой, біз Финляндияға терісінде теріс таңба тұрмасын деп күнде шампұндап жуып жүрміз. Ол жауһар жәдігердей жылтырап, сұлу мүсін тұлғасын таныта бастады. Сәті Наурыздың алғашқы күндеріне түсіп, арғымақ арнайы вагонмен жолға аттанды.

ФИНДЕРДІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Жолдың жайын Тыныштықбай ақсақалдың аузынан естідік. Жүрдек пойыз жылжып отырып, Мәскеуге бір-ақ аялдаған екен. «Қазақстан темір жолы» АҚ басшылығына рақмет, жүк вагонын жолаушылар пойызына тіркеп берді. Вагонның ішіне науа, ақыр қойып, жылқының жайын жайғастырдық. Мойынға артылған міндет өте жауапты, ұйқы қашып кетті. Үш тәулік бойы ұйықтай алмай, Мәскеуге жеткенде кеден қызметкерлері жылқыны біраз тергеді. Құжатын тексерді, баратын жерін білді. Осылай 3 күн аялдауға тура келді.

Ауылдан алыстан шыққан соң уайым қатар жүреді. Санкт-Петербургтен Хельсинкийге бір тәулік жол екен, оған да көніп, ұйықтамадық. Не керек, Фин еліне жетіп, Президенттің көмекшілері вокзалдан күтіп алды. Қыдырәлі орыс тілінде сауатты болғаннан кейін финдермен тілдесуді өз мойнына алды. Арнайы көлікпен Мауно Койвистаның ормандағы резиденциясына бардық. Президент пен қызы шаңғы тебуге кетіпті. Біздің жылқыны сым қорада қамады.

Көзім қорада. Сенімсіздеу қарап тұрмын. Алда-жалда үш қатар жұқа сымды үзіп кетсе, жылқыны қайдан іздеп табамыз деп қоямыз. Бұл да бір үрей тұғызды. Сөйтсем, жаңылған екенмін, сым желісі электр қуатына жалғаныпты. Өлтіргеспей күші бар. Финдердің де таппайтыны жоқ, Олардың тапқырлығына тәнті болдым.

СЫЙЛЫҚТЫ ҚАБЫЛ АЛМАДЫ

Біршама уақыт өтті, шамамен 4 сағаттан кейін Фин Президенті Мауно Койвиста келді. Бізді көргеннен жанымызға жақындап, халімізді сұрады. Құрмет көрсетіп, Қазақстаннан арнайы келгенімізге алғыс білдірді де, бірден жылқының жайын сұрады. Іштей «Анонсты» күтіп тұрғанын білдік. Көмекшілері қорадан жылқыны алып келді. Сол мезетте Мауно мырзаның бет жүзінде өзгеріс болғанын байқадық. Бізге сездірмегендей күй танытып тұр. Сол мезетте тәп-тәуір диалог шорт үзілді. Бізді Хельсинкиді аралатуға апарындар деп көмекшілеріне тапсырма берді. Алты күн аралап, мауқымыз басылып, кездесудің соңғы сәттері таяды. Көмекшінің айтуынша, жылқының қанына сараптама жасатып, оның таза қанды емесін анықтайды. Мұны естіген Президенттің көңіл күйі кілт бұзылады. Ренішін бізге білдірмесе де, оның өкпе-назын апарған арғымақты бір фермерге өткізіп, топ жылқының ішіне қосқанынан сезіп тұрмыз. Амал жоқ, біз не дейміз?

АРҒЫМАҚТАР АЛТЫНМЕН ПАРА-ПАР

Финляндия мемлекетінің жылқыға деген құрметі ерекше. 3000 жылдан бері миндер арғымақты қасиетті жануар санап келеді. 1960 жылы Финляндияда 409 мың бас жылқы болған көрінеді. Бүгінде мұның саны 80 мыңға кеміген. Таза жылқының құны 100 мың еуроға дейін бағаланады. Сонымен қатар фин және араб жылқылары құнды келеді. Ат спортына көзқарас айрықша. Яғни бұл спортқа дайындайтын 48 арнаулы мектеп бар. Сонымен қатар бір айда кем дегенде екі мәрте ат жарысын өткізіп тұрады. Жанкүйерлері де жетерлік. Кем дегенде аренадан 40-50 мың жанкүйер тамашалайды. Негізгі спорты саналатын хоккеймен пара-пар деуге болады.

БӘЙГЕДЕН БАҒЫ ЖАНҒАН ТҰЛПАР

Финляндияда ат спортынан кезекті аламан өтеді. Бәйгеге қатысатын 10 жылқының бірі табан астынан жарақат алып, жарыстан шеттетіліп қалады. Бір қызығы, Финляндияда ат спортына қатысатын жылқылардың саны жұп болуға тиіс. Содан ұйымдастырушылар бір жылқыны қосуға бел байлайды. Нақтысы – елеусіз қалған қазақ тұлпарының әуселесін байқап көргісі келеді. Жазық далада еркіндікке үйренген арғымақ ипподромды жатырқай қоймады. Тіпті топ алдына тулап шықты. Мәре 20 шақырымдық аламан еді, онда Алғабастың арғымағы қарсыластарынан 5 айналым ерте келіп, арендағы жанкүйерлердің зор қошеметіне ие болады. Осылайша 8 жыл бойы қазақтың тұлпары Финляндияда бас бәйгені бермеген.

АНОНСҚА ҚҰРМЕТ

Бір қызығы, Финляндияға қазақтың тұлпары «Анонстың» құжатымен аттанған. Әрине, Койвистаның көңілі үшін жасалған қадам екенін түсінуге болады. Қазақтың «Анонсы» 8 жыл бас жүлдені бермегендіктен финдердің құрметі ерекше болған көрінеді. Тіпті Хельсинки қаласында «Анонстың» тас мүсіні қойылған. Мүсіннің төменгі бөлігінде қазақ делегациясынан сый деген тақтайшадағы жазуды да аңғаруға болады. Сонымен қатар Президенттің асыл тұқымды жылқылар кітабында «Анонстың» Финляндияға қалай келіп, жұлдызды жылқыға айналғаны туралы жазылған. Ең бастысы, қазақ жылқысына құрмет арта түсті, Алғабастың аты қарлы өлкені шарлап кетті.

29 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ШАҚЫРТУ

Алдағы қыркүйек айының екісінде Финляндияда король кубогына арналған аламан бәйге өтеді. Маңызды шараның аясында ат спортын дамытуға байланысты конференция жұмыстары да ұйымдастырылады. Айтулы жиынға Тыныштықбай Сыздықов пен Қыдырәлі Күлбаевқа Финляндияға шақырту түсті. Жасы 80-ге таяған Тыныштықбай ақсақал жолдың ұзақтығына байланысты сапардан бас тартып отыр. Ал Қыдырәлі Күлбаев маңызды іс-шараның бару-қайту шығынына жергілікті және облыстық әкімдік қолдау көрсетсе, ел аманатын жеткізуге ықыласты. Мүмкін, біздің осы мақала түртті болып, ол мәселе де шешімін табар... Не дегенде де «Анонстың» айбарын, Сырдың салиқалы сәлемін жеткізу керек, әйтпесе елге сын!

Ерасыл ШӘРІБЕК,
Қызылорда-Алғабас-Қызылорда

ӘЛЕМДІК АҚША САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл жаңашылдық инфляциялық саясатқа да әсер етеді. Күні кеше Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 9,25 пайызға дейін көтерді. База мөлшерінің өсуіне маусым айындағы инфляция деңгейінің 7,9 пайызға артуы себеп болды.

– 2022 жылы инфляцияны 4-6 пайызға мақсатты дәлізге дейін төмендету көзделіп отыр. Инфляцияның өсуіне біріншіден, жанар-жағармай, электр қуаты және жекелеген азық-түлік тауарларының әдеуір қымбаттауы әсер етті. Тұтынушылық сұраныстың қалпына келуі инфляцияның шарықтауына ықпал етті, – дейді Ұлттық банк өкілдері.

Жалпы инфляцияның өсуімен бетпе-бет келген жалғыз Қазақстан ғана емес. Әлемдегі алпауыт мемлекеттер де базалық мөлшерін көтеруде. Ал оны төмендету мақсатында әлемдегі орталық банктер ақша-несие саясатын қатандатып отыр. ЕАЭО-ның барлық елдері өздерінің негізгі ставкасын көтерді.

Біздің елде де биылғы маусымда инфляциядан бөлек, тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) 107,9 пайызға дейін өсті. Бұл 2017 жылдың басынан бергі ең жоғары көрсеткіш. Бұл жағдай индекс құрылымындағы барлық топтар үшін бағаның өсуіне байланысты. Осылайша ақылы қызмет көрсету үшін ТБИ 2021 жылғы мамырда 105,1 пайыздан маусым айында 105,6 пайызға дейін, азық-түлік емес тауарлар үшін – 106,7 пайыздан 106,9 пайызға, тамақ өнімдері – 109,3 пайыздан 110,6 пайызға өсті.

Елдегі бағаның өсуі ұзақ мерзімді сақтауға арналған көкөністерге, электр энергиясы тарифтерінің көтерілуіне, бензин бағасының өсуіне байланысты. Осындай жағдай Қазақстанның негізгі сауда серіктесі болып табылатын көрші Ресейде де байқалады. Мұнда инфляция қайтадан үдей түсіп 6,5 пайызға жетті. Бұл – 2016 жылдың тамыз айынан бергі ең жоғары көрсеткіш. Бағаның өсуі Қырғызстанда жылдық мағынада 14,2 пайыз, Беларуссияда – 9,9 пайыз, Арменияда – 6,5 пайыз. Әсім іскерлік белсенділіктің және тұтынушылар сұранысының қалпына келуі аясында жүруде. Сонымен қатар аймақтағы көптеген мемлекеттерде сұраныс тарапынан қысым күшейіп келеді.

– Әлемнің дамыған елдері өз экономикасын тұрақты ұстау үшін базалық мөлшерлемені барынша төмендету шарасын жасауда. Мұндай жағдайда шаруалардың жеңілдікпен несие алуына, іскерлік белсенділігі артуына септігі тиеді. Бізде арнайы жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламалар болғандықтан, базалық мөлшерлеменің көтерілуі экономикаға кері әсер етпейді. Бірақ инфляция деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Десе де базалық мөлшерлеменің өсуінің нәтижесінде екінші деңгейлі банктер несиелік ставкасын көтереді. Осы уақытқа дейін базалық мөлшер 9 пайыз болғанда, банктер 30 пайыз үстеме ақы мен тұтынушылық несие беретін. Енді бұл көрсеткіш артады. Сонымен қатар депозиттердің де бағасы өседі. Бұл бір жағынан салымшылар үшін тиімді. Базалық пайыз жоғары болған сайын, теңге күш алады. Жалпы теңгенің құнсыздануына сыртқы факторлардан бөлек, теңгенің көптеп шығарылуы да әсер еткен. Мысалы, соңғы 7-8 айда нарықтағы ақша массасы 3 триллион теңгеден асқан. Қазір айналымда 27 триллион 500 миллиардқа жуық қаржы бар, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

Бағаның өсуі көптеген дамушы елдерде, соның ішінде Аргентина, Түркия, Грузия мен Бразилияда байқалады. Еуропалық Одақ та 2021 жылғы маусымда инфляция деңгейін 2,2 пайыз деп мәлімдеді. Дамушы елдердің де орталық банктері негізгі ставкасын көтеру арқылы ақша-несие жағдайын біртіндеп қалыпқа келтіре бастады. Мысалы, Ресейдің Орталық банкі маусым айындағы мәжілісте экономиканың қалпына келуі күтілгеннен жылдамырақ және инфляция жоспарланған деңгейден жоғары екенін айтып, пайыздық мөлшерлемені 100 пайызға өсіріп, 5,5 пайыздан 6,5 пайызға дейін көтерді. Саясаткерлер сонымен қатар алдағы айда қосымша өсім қажет болатынын ескертті. Осы тұста сарапшылар елдегі инфляция деңгейін 5,7-6,2 дәлізінде сақталатынын болжады. Ақша-несие саясаты бойынша келер жылға дейін бұл көрсеткішті 4-4,5 пайызға түсіру жоспарланған.

Жалпы 18 орталық банк жылдың басынан бастап ставкаларды көтерді. Олар: Түркия 17-ден 19 пайызға, Чили 0,5-тен 0,75 пайызға, Грузия 8-ден 9,5 пайызға дейін. ЕАЭО елдері тарапынан инфляцияның одан әрі импортына және капиталдың елден шығарылуына жол бермеу үшін неғұрлым жоғары пайыздық мөлшерлеме арқылы ұлттық валютаның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету талап етіледі.

ФИНАНС-NEWS

САЛЫҚ ҚАРЫЗЫ 17 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН АСПАСА...

Бұдан былай салық бойынша қарызы 17 мың теңгеден аспайтын азаматтардың есеп-шоты бұғатталмайды. Заңнамаға осындай өзгеріс енгізілді.

Ал берешек толық өтелген жағдайда банктер шығыс операциясын қосуға міндетті. Ресми мәлімет бойынша, салықтан жиі жалтарындар – Алматы тұрғындары. Олардың мемлекет алдындағы қарызы 5,1 млрд теңгеге жетеді. Әсіресе көлік салығын төлемеу дерегі тыйылар емес. Бұл – барлық берешектің 90 пайызы. Азаматтарға төлем жасау ыңғайлы болу үшін бірнеше жолы қарастырылған. Атап айтсақ, e-Salyq Azamat, Egov порталы, екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары мен Қазпошта бөлімшелері арқылы төлем жасауға болады.

БАНКТЕН ЕСЕПШОТ АШҚЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

"Астана" халықаралық қаржы орталығы базасында тіркелген криптобиржалар жақын арада банктермен жұмыс істей бастайды.

Блокчейн және дата орталықтар индустриясы қауымдастығы қазақстандықтар үшін цифрлық актив операциясы қолжетімді болады.

Екінші деңгейлі банктердің қайсысы криптовалютамен жұмыс істейтіні әзірге белгісіз. Нақты тізім жасалған жоқ. Бұл жоба бастапқыда бір жылға жоспарланып отыр. Алайда нарық қатысушылары енді Қазақстанда криптовалютаға қатысты тыйым жойылады деген үмітте. Блокчейн және дата орталықтар индустриясы қауымдастығының аға үйлестіруші Сергей Путранның сөзінше, бұл Қазақстан үкіметі криптовалютаны дамытуға қадам жасағанын білдіреді. Мұның себебі әлемдік майнингтің 6-8 пайызының Қазақстанда жасалуы. Бұдан бөлек, қазақстандықтар цифрлық активтерді белсенді сатады. Кейбірінің құны тіпті бірнеше миллион доллар.

– Криптовалютадан Қазақстанға салық ретінде ақша түседі. Жұмыс орындары пайда болады. Бұл Қазақстан әлі күнге дейін меңгермей жүрген ауқымды индустрия, – деді Сергей Путра.

Криптобиржаға кіру үшін АХҚО-да тіркелген банктердің бірінде заңды тұлғаның есепшоты болуы тиіс. Ол шоттан ақша аударып, криптовалюта сатып алып, биржада түрлі операцияларды жүзеге асыруға болады. Инвестор табыс таба алады. Банк транзакциялар бойынша делдал қызметін атқарады.

ОЙЛАНЫҢЫЗ!

ОНЛАЙН НЕСИЕ

Қазір шұғыл ақша қажет болса, онлайн несие рәсімдеп, мәселені оңай шешуге болады. 21 жастан асқан адамдарға несиені оңды-солды үлестіретін қызметтің бұл түрі клиенттен жеке басты куәландыратын құжатты ғана талап етеді. Жұмыс орнынан табыс жөнінде анықтама, зейнетақы жарнасының аударымын растайтын құжат, несие тарихы қажет емес. 15 минуттың ішінде әмиянды толтырып алуға болады. Бірақ оңай олжаның соңы опық жегізетінін жұртшылық ескере бермейтіні өкінішті. Мәселе қарызды қайтарған кезде басталады.

Онлайн кредитті алу оңай болғанымен, оны өтеу пайызы тым жоғары. Одан бөлек, біреудің атынан несие рәсімдейтін алаяқтар саны да артуда. Ресми дерекке сүйенсек, биыл интернет және ұялы телефон арқылы жасалатын алаяқтық 139 пайызға артқан. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда екі есе артық. Интернет арқылы жасалатын алаяқтық оқиғалардың көбейіп кетуіне байланысты Үкімет, тиісті мекемелер онлайн кредит мекемелерінің жұмысын ерекше қадағалауға алып, 2021 жылы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі онлайн несие алуға байланысты клиенттерді идентификаттау жөніндегі талаптарды қатандатты. Агенттіктің жобасы – Fingramota.kz. порталында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, жаңа талаптарға сәйкес, енді клиентті аутентификаттау үшін мынадай үш тәсілдің біреуін пайдалану міндетті делінген: ұлттық куәландыру орталығы беретін электронды цифрлы қолтаңба; Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының жеке деректерді өңдеу орталығы көрсететін қызметтерді пайдалану арқылы биометриялық идентификаттау және екі факторлы аутентификаттау. Несие алушыны идентификаттамай, микрокредиттер беруге қатаң тыйым салынады.

Қазақстанда ең алғашқы онлайн-несие 2014 жылы рәсімделген. Бүгінде елімізде 2 мыңдай компания онлайн-несие берумен айналысады. Күніне 2 пайыз, жылына 700 пайыз қосады. Пайыздық мөлшерлемені азайтуда депутаттар онлайн-несие нарығын реттейтін заң жобасын талқылады. Халық қалаулылары сыйақының жылдық мөлшерлемесін 100 пайыз көлемінде шектеу және несие бойынша артық төлемнің ең жоғары мөлшерін 100 пайыздан асырмау мәселесін қарастырды. Осыған қатысты Мақсат Халық: «Бұл – орташа ставка. Ал кейбір сервистер күніне 2,5 пайыз ұстайды, оны бір жылға шақсаңыз, 900 пайыздан асып кетеді. Бұл – ақылға сыймайтын көрсеткіш. Нарықтың дәл осы саласын шұғыл түрде заңмен реттеу қажет» дейді.

Жалпы еліміздің Азаматтық кодексінде кез келген адам және заңды тұлға қарыз бере алады деп көрсетілген. Бұл бір жағынан қалыпты жағдай болып көрінуі мүмкін. Бірақ оның екінші жағы бар. Мысалы, банктерді, микроқаржы ұйымдарын Ұлттық банк қадағалап, реттей алады, оларға бұл ұйымдар бағынады. Ал Ұлттық банк реттемейтін ұйымдар беретін қарыздың барлық тәуекелін несие алушы өзі көтереді, бұған реттеуші ұйым араласа алмайды. Сондықтан сақ болған жөн. «Реттелмейтін кредиторлардың көбі қарыздарды жоғары мөлшерлемемен ұсынып, шектеулер мен талаптарды сақтамауы мүмкін. Сондықтан келісім-шартпен жақсылап танысу қажет. Қандай қосымша немесе жасырын төлемдер бар екенін міндетті түрде көрген жөн. Кейбір компания қарыз сомасының үштен бір бөлігін құрайтын кредиттің өзін ұйымдастыру үшін ақы алады. Мысалы, берілген 150 мың кредиттен 50 мың теңгені қызметақыға төлеуге тура келеді. Негізі банктік қарыз және микроқаржы ұйымындағы қарыз үшін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 56 пайыздан аспауы тиіс. Бұл ұзақ мерзімге алынған қарызға қатысты. Егер сіз ақшаны қысқа – 45 күнге дейінгі мерзімге алатын болсаңыз, онда мөлшерлеме айына 30 пайызға дейін жетуі мүмкін. Бұдан басқа мұндай қарыз көлемі 50 ЕАК немесе 145 850 теңге мөлшерінде шектеулі. Қысқа мерзімді онлайн-қарыз бойынша негізгі борыш және пайыз сомасын бірден және толығымен қайтару қажет болатын фактіні де ескеру қажет. Оның үстіне мұны мерзімін өткізбей істеген дұрыс. Олай болмаған жағдайда, айтарлықтай көлемде есімпұл есептеледі» дейді Fingramota.kz.

Бұылдан бастап енгізілген тәртіп бойынша, қарыз түрінде ақша берумен айналысатын барлық компания есептік тіркеуден өтуге міндетті. Сондай-ақ 2021 жылдың наурыз айынан бастап міндетті түрде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы болуы керек. Әрбір клиент осы лицензияны талап еткені жөн. Агенттіктің хабарлауынша, бүгінде 1016 микрокредиттік ұйым есептік тіркеуден өтіп, лицензия алған. Жыл басынан бері олардың саны 181-ге азайған. Ал микронесие алғалы отырған ұйымның тіркеуден өткен-өтпегенін білгіңіз келсе, https://www.gov.kz/memleket/ entities/ardfm сайтынан тексеруге болады.

Мұқтаж адам несие алудан бас тартпайды. Сондықтан оқырманға онлайн-несие алғанда қаперде ұстайтын бірнеше ақыл-кеңесті ұсынамыз. Ең алдымен http://kazfintech.kz/ сайтына кіріп, сіз несие алатын компания kazfintech қауымдастығына кіре ме, жоқ па, соны тексеріп алыңыз. Компанияның сайты, кеңсесі, барлық сұрақтарға жанжақты жауап беретін қолдау қызметі бар ма, оны да анықтаңыз. Жеке куәлігіңізді бөтен адамдарға бермеңіз. Кей терминалдар несие бергенде адамның түріне мән бермей, тек құжат бойынша рәсімдей береді. Өзі несие алмаса да, сондай алаяқтарға тап болған талай адам тұтынушылар құқығын қорғау қызметіне жүгініп, әуре-сарсаңға салынып жүр.

AMAZON ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді Қазақстан азаматтары Amazon алаңында ашық сауда жасай алады. Бұл туралы Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов facebook парақшасында жариялады.

– Amazon-мен келіссөздерді аяқтадық, Сонымен 20 мамырдан бастап біздің еліміз әлемдегі ең ірі электрондық коммерция платформаларының бірінде сауда жасауға «рұқсаты бар» тізіміне енгізілді. Орталық Азиядағы көршілерімізге де «бізбен бірге рұқсат алып» үлгергені жағымды жаңалық. Біз өз кәсіпорындарымызға, шағын және орта бизнесті тек өндірісте ғана емес, сонымен бірге болашақта біртұтас Орталық Азия бренді ретінде аймақ өнімін бірлесіп жылжытуға дайынбыз. Қазақстандық кәсіпкерлер төлемді тікелей қазақстандық банктер арқылы алып, өз елінің атынан сауда жасай алады, – дейді министр.

Amazon платформасында әлемнің 200-ден астам елі мен жүздеген млн белсенді клиенті бар. Онда 188 елдің сатушысы тіркелген. Өткен жылы оның таза сатылымы 386,1 млрд доллар болды.

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ ЖОБАСЫ



Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдері қаржы нарығына қатысушылармен цифрлық теңге жобасын және цифрлық теңгені енгізу жөніндегі пилоттық жобаға екінші деңгейлі банктердің қатысу мүмкіндігін талқылады, деп хабарлайды ҚР Ұлттық банкінің баспасөз қызметі.

Пікірталасқа 60 қатысушы, оның ішінде қаржы нарығының өкілдері мен төлем жүйелері саласындағы халықаралық сарапшылар қатысты. Кездесу барысында халықаралық тәжірибені талдау, пилоттық жобаға қатысуға қойылатын талаптар мен нарыққа қатысушылары цифрлық теңге платформасында жаңа қаржы өнімдерін әзірлеуге тарту жөнінде жоспарлар ұсынылды. Технологиялар мен төлем жүйелерінің жаппай дамуын ескере отырып, цифрлық теңге қолда бар қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлемдерге қосымша жаңа төлем құралы болу әлеуетіне ие. Оның міндеті – төлем қызметтері нарығында бәсекелестікті күшейту, халық үшін инновациялық сервистерді әзірлеуді жеделдету, сондай-ақ өңірлерде қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру. Қазіргі уақытта цифрлық валютаны құру және енгізу жөніндегі жобаларды әлемдегі орталық банктер жүзеге асируда. Қазақстан Ұлттық Банкі жобаның нәтижесін жұртшылықпен және қаржы нарығымен жария талқылауды жалғастыруды және кездесу қорытындысын бұқаралық ақпарат құралында жариялауды мақсат етіп отыр.

Бетті дайындаған Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Хуан Антонио Марин, төрешілер алқасының жетекшісі:

VAR ЖҮЙЕСІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

Ел футболында төрешілерге тағылар айып көп. Тіпті төрешілер тарапынан кететін қателіктер де аз дей алмаймыз. Жақында Қазақстан футбол федерациясының төрешілер алқасына жетекші болған Хуан Антонио Марин ҚФФ баспасөз қызметіне қазақстандық төрешілердің деңгейіне тоқталып, баға берді.

– Қазақстанда жұмыс істегеніңізге біршама уақыт болды. Ел біріншілігінде қызмет етіп жүрген төрешілерге қандай баға берер едіңіз?

– Қазақстанға мамыр айының соңында келдім. Бірден қазақстандық төрешілерді мүмкіндігінше терең зерттеп, талдай бастадым. Алғашқы күннен бастап ақ "Астана Аренада" өткен OLIMPBET-Қазақстан Чемпионатының матчына қатысып, кейіннен көптеген ойындарды желіден және қайталаудан көрдім. Сонымен қатар әртүрлі қалалардағы матчтарға бардым: Шымкент, Түркістан, Алматы, Қостанай, Талдықорған, Қарағанды және тағы бірнеше рет "Астана Аренада" болдым. Барлық төрешілерді мүмкіндігінше тезірек бақылау керек. Әрине, өзге елдердегідей, бізде төрешілер мен ассистенттердің рейтингі бар, онда жас, тәжірибе және қабілеттері ескеріледі. Біздің мақсат – төрешілер жұмысының сапасын барынша арттыру және болашаққа дайын болу. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, УЕФА-мен келіссөздер жүргізуде Қазақстан футбол федерациясының басшысы Әділбек Жақсыбековтің рөлін атап өткім келеді.

– Қазақстандағы төрешіліктің үш негізгі мәселесі қандай?

– Біз өзіміздің мықты жақтарымызды сонымен қатар жетілдіруді қажет ететін тұстарды анықтап алуымыз керек. "Мәселе" деген сөзді қолдану толығымен дұрыс емес, "тапсырма" деп айтқан дұрыс болар. Қазақстан футбол федерациясы УЕФА-мен бірге мені шақыру туралы шешім қабылдаған кездегі маңызды міндеттердің бірі төрешілік етуде бірыңғай халықаралық стандарттарды қолдану және түсіндіру болды. Мұнда бұрынғы тұжырымдамаларды қолдану үшін келген жоқпын, дегенмен ФИФА мен УЕФА белгілеген халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес төрешіліктің жалпы сапасын жақсарту үшін барымды саламын. Біздің алдымызда қазіргі заманғы футболдағы міндеттер мен оларды шешудің көптеген нұсқалары бар, ол үшін біз Қазақстан футболына ең жақсы қасиеттерімізді ұсынуымыз керек. Төрелік ету – бұл көпфакторлы қызмет, тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде бір-біріне ұқсас мәселелер бар. Біз қателіктерді түсінуге және олармен жұмыс істеуге дайынбыз.

– Төрелік ету және инспекция департаментінің "Тобыл" – "Тараз" матчындағы өрескел қателік жіберген талдықорғандық төреші Денис Измайловты "Астана" мен "Қайрат" арасындағы кездесуге тағайындау туралы шешімі көпшілікті таң қалдырды. Неліктен таңдау оған түсті?

– Төрешілер – бұл біздің команда. Олардың әрқайсысы бізге қажет. Біздің мақсат, барлық командалық жаттықтырушылар мен функционерлер сияқты, оларды тағайындау, олардың жұмысын бақылау, бағалау, қателермен жұмыс жасау және нәтижені көру. Қазақстан футболы бұл фактіні қабылдауы керек.

Төрешілер мен көмекшілерді тағайындау кезінде өткен ойындары үшін сынға алу дұрыс емес деп ойлаймын, өйткені бұл футболдың бір бөлігі. Оған күнді сәтсіз өткізгені үшін айқайлауға негіз жоқ. Төрешілер спортшылар, немесе жаттықтырушылар секілді қателік жіберуі мүмкін. Біз өз жұмысымызды білеміз.

– Төрешілердің қателіктері бірден көзге оғаш көрінеді. Ел біріншілігінде төрешілер жекелеген матчтарда алдын-ала болжанатын қателіктер жібереді. Мысалы, дәл сол Измайловтың соңғы турда "Тұран" қақпасына пенальти белгілейтініне ешкім күмәнданбады...

– Егер төреші "болжанатын" қателік жіберсе, біз онымен бірден қоштасамыз. Әдейі қателік жібергісі келетін бірде-бір төреші жоқ деп санаймын және қандай қателік жібергенін анықтауға тәжірибем толықтай жетеді. Біз бас қазының жұмысын талаптарға сәйкес бағалаймыз.

– Қазақстан УЕФА-да VAR жүйесі енгізілмеген санаулы елдердің қатарында. Қазір заманауи технологиясыз жұмыс істеу мүмкін бе? Бұл мәселені қаншалықты тез арада шешуге болады?

– VAR жүйесі өте маңызды құрал. Біз іске асыру процесін бастадық. Процесс өте күрделі және жан-жақты мәселелерді шешуді талап етеді. Мысалы, семинарлар, жаттығулар, тәжірибе алмасу секілді процестерді жүзеге асыруға тиіспіз. Мұндай шаралар үлкен шығындарды талап етеді. Сонымен қатар төрешілердің ғана емес, техникалық қызметкерлердің де дайындығын, жабдықтардың, бейнекамералардың және басқа да бөлшектердің техникалық талаптарына сәйкестігін атап өткен жөн. Төрешілер мен техникалық қызметкерлердің толық аккредитациясы мен сертификаттауы тиісті ұйыммен (IFAB және FIFA) жүзеге асырылуы және тексерілуі керек. Қазақстан футбол федерациясы пандемия кезіндегі факторды ескере отырып, VAR-ды мүмкіндігінше тезірек іске қосуы үшін барлығын жасап жатқанын айтқым келеді. Бұл федерацияның мойнындағы қосымша мәселе болды, бірақ біз дұрыс жолда екенімізге сенімдіміз.

– Жас төреші Арман Исмұратовтың алғашқы турдағы іс-әрекетінен хабардар шығарсыз?

– Арманның іс-әрекетін Қазақстанға келмей жатып білемін. Өкінішке орай, ҚФФ төрешілер комитеті шешім қабылдады. Қазір ол шешімге қарсы шыға алмаймыз. Қалай болғанда да бұл эпизод барлығына сабақ болуға тиіс.

– Төрешілердің төлем ақысы туралы не айтасыз? Әртүрлі қателіктерді болдырмау үшін олардың қаржылық жағдайын жақсарту керек деп ойламайсыз ба?

– Кәсіби маман болу тек ақшаға байланысты емес. Көптеген аспектілерді ескеру керек. Белгіленген келісім-шартқа қол қойған адам жауапкершілік пен құқықтарды, сондай-ақ өзіне жүктелетін міндеттерді түсініп, білуі керек. Ақшаны басқа жолмен табады деген оймен келіспеймін, өйткені бұл жерде адалдық басты рөл атқарады, ол өз кезегінде төрешінің абыройына әсер етеді. Мәселе тек ақшада ғана емес.

– Бұрын барлық облыстық федерацияда жас төрешілер мектебі жұмыс істеп, жас төрешілерді үлкен футболға дайындады. Өкінішке орай бірнеше жылдан бері бұл мектептер жұмысын тоқтатты. Төрешілердің деңгейін көтеру үшін білім беру бағдарламасын жандандыру қажет емес пе?

– Иә, біз жас төрешілерді даярлайтын аймақтық мектептердің жұмысын қайта жандандыру мәселесімен айналысып жатырмыз. Бұл ретте бізге тиісті инфрақұрылым мен нұсқаушылар қажет. Мұндай мәселелер қаржыны да талап етеді..

– Еурокубок матчтарында қызмет көрсететін төрешілерге тоқталсаңыз...

– Халықаралық дәрежеде төрт төрешіміз бар. Олардың бірі, өкінішке орай, жарақат алды, ал екеуі төрелік етуден шеттетілді. Артем Кучин іріктеу матчында жұмыс істеді. Жалпы халықаралық деңгейде мүмкіндігінше көп ойын алуға тырысамыз. Сонымен қатар жарақат алған төреші Данияр Сахи көп ұзамай жазылып, қызметіне қайта оралады деп сенеміз.

– OLIMPBET Қазақстан Чемпионатының тарихында бірінші рет әйел төреші қазылық етті. Бұл тәжірибе жалғаса бере ме?

– Біріншіден, бұл эксперимент болған жоқ. Біз Эльвираның деңгейін білеміз. Ол туралы тек Қазақстан ғана емес, Еуропа да біледі. Оның қызметін екі рет өз көзіммен көрдім. Біреуі "Астана Аренада", екіншісі - Талдықорғандағы дебюті кезінде. Ел біріншілігіндегі тарихи жағдай. Болашақта мықты төрешілердің қатарынан көретініме сенімдімін.

– Бұрын әр турдан кейін төрешілер мен сарапшылар комиссиясының отырыстары өткізіліп, даулы мәселелер шешілетін. Бұл тәжірибені әлі де көреміз бе?

– Біз бұл жағдайды өте мұқият зерттеп жатырмыз. Қателіктер туралы айтып қана қоймай, төрешілердің нақты шешімдерін түсіндіргіміз келеді. Әр турдан кейін төрешілермен бірге матчтарды талдаймыз, әрине, бұл команда ішінде болады, жұмыс сапасын жақсарту үшін төрешілерге ресми нұсқаулар беруге тырысамыз.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

Зүлфия ЧИНШАНЛО, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері:

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТЫСУҒА ТЫРЫСАМЫН

Токио Олимпиадасында зілтемірден сынға түскен қос атлетімізде қола жүлдеге ие болып, елдің мерейін асырды. Соның бірі 55 келіде жүлдегер атанған Зүлфия Чиншанло. Ол қытайлық Ляо Цюонь, филиппиндік Хидилин Диаз, өзбекстандық Муаттар Набиевамен негізгі қарсылас болды.

Қазақстандық атлет жұлқа көтеруде бірінші мүмкіндігінде 90 келіні еңсерді. Ал екінші және үшінші мүмкіндігінде 93 келіні басынан асырғанымен, төрешілер "зілтемір көтергенде шынтағы бүгілді" деп есептемеді. Қазақстандық бапкерлер де бұл шешіммен келісті.

Жұлқа көтеруде өзбекстандық Муаттар Набиева 98 келіні, қытай Ляо Цюонь мен филиппиндік Хидилин Диас 97 келіні еңсеріп, үздік үштікте болды. Чиншанло жұлқа көтеруде 90 келімен 7-орында тұрды.

Серпе көтеруде де негізгі бәсеке Чиншанло, Ляо Цюонь, Диас және Набиева арасында өтті. Бұл жаттығуда Набиева тек 114 келіні көтеріп, жүлдеге талпастан шығып қалды. Оның қос жаттығудағы нәтижесі – 212 келі.

Ал Чиншанло бұл жаттығуда екінші мүмкіндігінде 123 келіні алды да, қос жаттығу бойынша Набиеваның алдына шықты – 213 келі. Осыдан соң ол үшінші мүмкіндігінде 125 келіге тапсырыс беріп, бірақ шығудан бас тартты.Қос жаттығу бойынша Диас 224 келі нәтижемен олимпиада чемпионы атанды. Қытай Ляо 223 келімен күміс жүлдеге ие болды.

Токио ойындары Чиншанло үшін екінші олимпиада. Ол 2012 жылы Лондон олимпиадасына қатысып, 58 келіде чемпион атанған еді. Бірақ 2016 жылы Халықаралық олимпиада комитеті Лондон ойындарында алынған допинг сынамаларын қайта тексеріп, Чиншанлоның анализінен рұқсат етілмеген препарат тапқан.

Осыдан соң ол Лондон ойындарының алтынын қайтарып берді әрі олимпиада чемпионы атағынан айырылған. Екі жыл спорттан шеттетіліп, 2018 жылы жазасы біткен соң спортқа қайта оралды.

Токиодағы жарыстан соң Зүлфия Чиншанло журналистердің бірнеше сұрағына жауап берді.

– Қола медальға көңілім толады. Себебі 2014 жылы әлем чемпионатынан кейін менде жақсы нәтиже болмады. Токио Олимпиадасына ұзақ дайындалдық. Бастысы, нәтижеме көңілім толады.

– Серпе көтеруде неге үшінші мүмкіндікке, яғни 125 келіні көтеруге шықпадыңыз?

– Себебі 125 келіге шығудың мәні болмады.

– 2016 жылғы жағдайды бәріміз білеміз. Допинг дауы болып, Лондон Олимпиадасының алтынын қайтарып бердіңіз. Осы жағдайдан кейін Олимпиадаға қалай дайындалдыңыз?

– 2016 жылғы жағдай өте қиын болды. Көңіл күйім қатты түсіп кеткен. Бәрін тастағым келген. Кейін ойландым. Ол кезде 23 жаста едім, өзіме "әлі жассың, соңына дейін шыда" дедім. Токиода қола медаль алғаныма ризамын. Себебі мен қартайдым (күлді).

– 2024 жылы өтетін Париж Олимпиадасына қатысу ойда бар ма? Әлі жассыз ғой...

– 28 жастамын ғой, жас деп ойлайсыз ба? (күлді). Париж Олимпиадасына қатысуға тырысамын. Қазір сәл демалып, бір жылдан кейін болатын Азия ойындарына дайындаламын. Екі жыл бұрын әлем чемпионатында жастау болдым, жағдайым басқа еді. 28 жастағы жағдай басқа екен. Тағы үш-төрт жылдан кейін жағдайым басқа болады.

АҒАЙЫНДЫЛАР АЛТЫН АЛДЫ

Токио ойындарында Олимпиада тарихында бұрын-соңды болмаған ерекше оқиға болды. Дзюдодан ағалы-қарындасты Хифуми Абэ мен Ута Абэ күллі Күншығыс елінің абыройын асырды.

Дзюдодан қыздар арасында сынға түскен Ута Абэ 52 килода топ жарса, 66 килода сынға түскен оның ағасы Хифуми Абэ Олимпиада чемпионы атанды. Осылайша, бір күнде бір үйден екі бірдей чемпион шықты. Жаһанды таңғалдырудан жапондар әсте шаршамайды-ақ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЫЛҒАШТАРЫ

Рүстем СМАТОВ, ЭКОНОМИСТ:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Рүстем Сматов Сырдария ауданы, Шаған ауылында дүниеге келген. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде өндеу өндірістерінің технологиясы мамандығын игерген, ауылшаруашылығы ғылымдарының магистрі. «Абзал және К» толық серіктестігінде тұқым қоймасының меңгерушісі, Ы.Жақаев атындағы қазақ ғылыми институтында аға лаборант, «Шаған жер» ЖШС-де агроном болып еңбек еткен. Бүгінде «Шаған жер» ЖШС бас экономист.

ЖОҒАЛТҚАНЫМЫЗДЫ ТҮГЕНДЕУ БІЗДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Биыл еліміз үшін айтулы жыл. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы республика көлемінде кеңінен тойлануда. Тарих таразысында көп ұтылып жүрген халықтың басына қонған бармақтай ғана бағы – Тәуелсіздік. Елдік, еркіндік бар жерде ұлт өсіп, өркендейді. Қазақтың әрбір ұл мен қызы мемлекетті құрушы ұлттың өкілдері өздері екенін сезіне отырып, елдіктің еңселі болуына үлес қосуы керек. Аға буынның кеңестік жүйе кезінде жоғалтқан құндылықтарын қайтару, жоғалтқанымызды түгендеу біздің буыннан басталса да кеш емес. Алла Алаштың елдігін еңселі етсін тілеймін.

БІЗ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕ ӨМІР СҮРІП КЕЛЕМІЗ

Патриот сөзінің қазақша баламасын мен «туған жерге ұқсмет ету» деп түсінемін. Себебі өзің өсіп-өнген қасиетті топырақта, туған ауылына адал қызмет еткен адам нағыз патриот дер едім. Біз жоқшылықта емес, керісінше сауатты білім алып, кәсіби маман атанып, егемен елімізідің өркендеуіне үлес қосуға мүмкіндік беріп отырған тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп келеміз. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры берік болуы жолында қайтарымды еңбек етуге дайын маман болуымыз қажет. Бұл жалаң сөз, бос ұран емес. Бұл бүгін өмір жолын бастаған әр жастың көкейінде жүрер асыл арманы, адал махаббаты. Бойымызға Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді сіңіре отырып, тәуелсіздіктің мәртебесін көтеретін тың істерге атсалысу ғана біздің өміріміздің мәні деп түсінемін. Егемендіктің жасампаз көріністері қоғамдық өміріміздің қай саласында да өзіндік айшығымен айқын аңғарылуда. Міне, осы жасампаздық жолды жалғастыруға дайынбыз да деген сауал өрбір жасты толғандыруы тиіс.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕС ҚОСУ БІЗДІҢ ПАРЫЗ

Елбасы Н.Назарбаев осы бір күрделі кезеңде елдің еңсесін тіктейтіндей ауқымды жұмыстарға ұйытқы болды. Егемен елімізді әлем мойындайтындай айбынды мемлекетке айналдырды. Елдегі бірлік пен ынтымақты, достық пен тұрақтылықтың кепілі – Елбасы десем, артық айтқандық болмас. Мамыражай тіршілімізі бен байқауты тұрмысымызға сырт кездік өзі қызықандай. Мұның өзі болашағымыздың бұдан да жарқын болатынына сендіре түседі. Баландау кезімізде тәуелсіздіктің мәнін жете ұғына алмаған болармыз бәлкім. Қазір есейе келе барлық игіліктердің тәуелсіздіктен басталатынына көзіміз жетіп келеді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің табалдырығында тұрып, осындай бірлігі мықты елде туғанымға қуанамын. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтаныш тұтамын. Туған жердің өркендеуіне үлес қосуды перзенттік парызым деп есептеймін.

JULDYZ - JORAMAL

(29 шілде – 4 тамыз)

Тоқты

Ерекше сыншылдығыңызбен көзге түсесіз. Жіберген қателіктеріңізді мойындап, бірден шешу жолдарын ұсынуыңыз. Осылайша жеке өміріңізде беделіңіз артып, мақсатыңызға жетесіз.

Торпақ

Бақталастардың қарсылығына тап боласыз. Бірақ қиындықты оңай шешесіз. Құдды жаныңызда періште көмектесіп жүргендей әсерде боласыз. Достарыңызбен көңілді кешке барып, өзіңізге жаңа өмірдің есігін ашасыз.

Егіз

Жеке өміріңізге көп көңіл бөліңіз. Көп уақытты отбасыңызбен өткізіңіз. Ұйқыны оңды-солды жұмсай бермеңіз. Жақсы ұсыныс түскелі тұр. Байлыққа кенелгіңіз келсе, одан бас тартпаңыз.

Шаян

Апта жаңа әрі ерекше істің жүзеге асуына көмектеседі. Алайда негізгі жұмысыңызбен айналысуды ұмытып кетпеңіз. Сізді көп сыйлық күтіп тұр. Жеке өміріңізде де өзгерістер болады.

Арыстан

Жолы болғыш бұл жандар кез келген іспен қуана айналысады. Ал жеке өмірде ашулану, өркелеу сынды мінезден аулақ болыңыз. Айналаңыздағылардың пікіріне қосылуға міндетті емессіз. Бастысы, қолыңыздан көп іс келетініне өзгеден бұрын өзіңіз сеніңіз.

Бикеш

Табиғат аясында серуендеуіңізге болады. Өзіңізге жараспайтын әрекеттер жасаудан сақтаныңыз. Шыдамдылық танытсаңыз, мақсатыңызға оңай қол жеткізесіз. Өзіңізге ең құнды идеяңызды ешкімге айтпағаныңыз жөн.

Таразы

Сіздің мейірімділігіңіз өзгелерге күн нұрындай шашылады. Өзіңіз де жаныңызға жылу сыйлайтын жанмен жолығасыз. Аптада сүйіктіңіздің сізден не жасырып жүргенін білуге тырысыңыз.

Сарышаян

Бір істі оңай орындай алсаңыз, қуаныңыз. Жақындардың сезіне құлақ асыңыз. Жоспарыңыздың жүзеге асуы сол адамдарға тікелей байланысты болмақ. Жаңа іспен айналысудан бас тартпаңыз. Алдыңызда тек жақсы күн күтіп тұр.

Мерген

Апта ертеңгідегі таңғажайыпқа толы болады. Алайда барлығы сіз ойлағандай емес. Сіз сүйіктіңізбен жай ғана ренжістім деп жүрген кезде ол айырылысу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Кезден кетсе көңілден де кетеді демекші, сізді достарыңыз да ұмытып кетуі мүмкін. Сондықтан олардың қал-жағдайын жиі сұрап тұрыңыз.

Тауешкі

Аптада энергияңызды көп шығындайсыз. Айналаңыздағылар жоспарыңыздың жүзеге асуына біраз кедергі жасайды. Уақытыңызды тек өзіңізге жұмсаңыз. Мұнымен қатар өзіңіз де өзгелердің қатесін есіне салмаңыз.

Сүкүйғыш

Апта көп іске нүкте қоюға себепші болады. Көп мүмкіндікті жіберіп алғаныңыз үшін өкінбеңіз. Өткенді өзгерту қолыңыздан келмесе де, оған деген көзқарасыңызды өзгерте аласыз. Ақылды емес, жүрегіңізді тыңдаңыз. Сонда ғана жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Балық

Жаңа мүмкіндікті жіберіп алмаңыз. Осы апта сізге тиімді болмақ. Жұмыста беделіңіз артады. Дегенмен берілген тапсырмаға жауапкершіліпкпен қараңыз.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

ПАНАМА - ЖАЗДЫҢ ЕҢ СӘНДІ БАС КИІМІ

Біз соңғы жылдары подиумдар мен сән журналдары, тіпті стритстайлға әуес әлеуметтік желі парақшаларынан панаманың трендтен айнымай келе жатқанын байқаймыз. Бұл аксессуар нағыз классикаға айналудың аз-ақ алдында секілді. Сондықтан сіз жазғы киіміңізге жарасып кететін кем дегенде бір дана осындай бас киім алып қойсаңыз, еш өкінбейсіз.

Панаманы алғашында XX ғасырдың басында балықшылар ойлап тапқан. Алғашқы үлгі ылғалға төзімді киізден тігілген екен. 40-ыншы жылдардан бастап, нейлонның пайда болуымен байланысты панамалар жеңілірек әрі күнделікті өміріге ыңғайлы бола бастады. Ғасырдың ортасында мұндай стильдегі бас киім «жағалауға шығып», қала тұрғындары мен саяхатшылардың жақсы көретін бұйымына айналды. Себебі ол жазда күн сәулесі мен жаңбырдан тамаша қорғайды. Шынында да, панамалар жаз мезгілінде таптырмас бас киім: оның жуан жиектері бас пен мойынды қорғайды, жеңіл және тыныс алатын материал күні бойы сергек жүруге көмектеседі, ал ерекше силуэт кез келген адамға керемет жараса кетеді. Ыңғайлылық, жайлылық сыйлайтын бұл бас киім әлі де тренд қатарында қала береді.

АҚЫЛЫ БӨЛІМДЕ ОҚУ ҮШІН БІЛІМ КРЕДИТІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Елде мемлекеттік грант саны жыл сайын артқанымен, тегін оқу мүмкіндігі барлық студентке бұйырмайды. Гранттан қағылғаны жоғары білім алу үшін ақылы бөлімге түсуге мәжбүр. Ал оқу ақысын екінің бірінің қалтасы көтере бермейді. Мұндай кезде тығырықтан шығар жолдың бірі – білім беру кредиті. Ол кімге және қалай беріледі? Білім кредитінің өзге несиеден артықшылығы қандай? Қазақстанда кредиттің бұл түрі қаншалықты танымал?

БІЛІМ БЕРУ КРЕДИТІ ДЕГЕН НЕ

Қазақстанда оқу ақысын төлеуге шамасы жоқ студенттерге кредит беру жобасы 2013 жылдары басталды. Банктен алған кредитке білім министрлігіне қарасты "Қаржы орталығы" АҚ кепілдік береді. Бұл дегеніміз, кредит төленбей қалған жағдайда, банктің алдындағы міндеттемелерді Қаржы орталығы өз мойнына алады.

"Бүгінде мемлекеттік білім гранттарының саны жылдан жылға артып жатыр. Дегенмен жоғары оқу орнына түссем деген талапкерлер де көбейіп келеді. Өмірде түрлі жағдай болады ғой. Кейбіреулері грантқа іліккені қалады немесе ақылы бөлімде оқып жүрген студенттің отбасы асыраушысынан айырылуы мүмкін, ата-анасының біреуі жұмыссыз қалады, сол сәтте оқудан шығып қалу қаупі туындайды. Осындай қиындықты ескеріп, біз мәселені шешу жолы ретінде білім беру кредиттерін ұсындық. Яғни, біз барлық студентті кредит алуға шақырмаймыз", – деп түсіндірді Қаржы орталығының өкілі Ақжол Құрмансейіт.

Білім кредитінің басқалардан айырмашылығы – несиені қайтару мерзімі бойынша жеңілдік бар. Студент кредитті төрт жарым жылдан соң қайтарады. Университетте білім алып жүрген жылдары тек пайыздық мөлшерлемесін төлейді. Ал оқу бітіргеннен кейін алты айдан соң, негізгі соманы қайтара бастайды.

КРЕДИТТІ ҚАЙ БАНК БЕРЕДІ

Ақжол Құрмансейіттің айтуынша, қазір білім беру кредитін тек бір ғана банк – Нұрбанк береді. Несиенің пайыздық мөлшерлемесі – 20%.

Орталық өкілі өзге екінші деңгейлі банктер неге жобаға қатысуға құлықсыз екенін айтты.

"Мысалы, кез келген банкке барып, кепілсіз кредит алсаңыз, сізге несиені келесі айдан бастап төлетіп қояды. Ал студент жерде сіз кредитті бірінші курста алсаңыз, сол соманы төрт жарым жылдан кейін, яғни оқу бітірген соң қайтарасыз. Сондықтан бұл банктерге тиімсіз. Олардың өз жеке саясаты болғанын кейін, біз оларды қинай алмаймыз. Бірақ, банк өкілдерімен кездесу барысында жобаның әлеуметтік маңызына назар аудартып, түсіндіруге тырысамыз. Қазіргі таңда білім кредитін жалғыз банк беретіндіктен, пайыздық үстеме де жоғары болып тұр", – деді ол.

Әйтсе де, Қаржы орталығы жобаға банктерді көптеп тарту үшін тиісті жұмыс жүргізіп жатыр. Пайыздық мөлшерлемені төмендету бағытында да шаралар қабылдануда.

Білім беру кредиті он жылға дейінгі мерзімге рәсімделеді. Қаржыны жоғары оқу орнының шотына банктің өзі аударады.

Несиені Нұрбанктің филиалы бар кез келген өңірден алуға болады. Сондай-ақ студент білім кредитімен Қазақстанның кез келген жоғары оқу орнында оқу ақысын төлей алады.

Айта кетерлігі, білім беру несиесі магистранттарға да беріледі.

ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

Білім беру кредиті студенттің атына рәсімделеді. Бірақ оған несие алу үшін қосалқы қарыз алушы (созаемщик) қажет. Ол ата-анасы немесе жақын туысы болуы мүмкін.

Студенттен сұралатын құжаттар:

жеке куәлік немесе төлқұжат;

ҰБТ тапсырғаны жөнінде сертификат немесе соңғы оқу семестрінің транскрипты;

жоғары оқу орны мен оқу құны жазылған келісімшарттың көшірмесі.

Ал қосалқы қарыз алушы жұмыс орнынан табысын растайтын құжат пен соңғы 6 айда түскен зейнетақы жарналары туралы қағазды көрсетуге тиіс.

Құрмансейіттің сөзінше, бұл қаржы мекемесі талап ететін негізгі құжаттар. Алайда банк өз тарапынан басқа да қағаздарды сұратуы мүмкін.

"Несиені беру кезінде студенттің әлеуметтік жағдайы назарға алынбайды. Бай ма, кедей ме, маңызды емес. Ең бастысы – оның оқу үлгерімі. Білім беру кредиті ұсынылғаннан кейін, банк те, біз де студеннің жоғары оқу орнын лайықты аяқтап, қолына диплом алғанын қалаймыз. Сондықтан студеннің барлық сабағы "ұш" болып, оқудан шығып қалу қаупі байқалса, өрине, банк тарапынан қосымша сұрақтар туындайды. Сол себепті оқу үлгерімінің жақсы болғаны, баланың өзіне де тиімді. Ал қосалқы қарыз алушының ай сайынғы кірісі қанша болуы керек екенін банк өзі анықтайды", – деді орталық өкілі.

ТӨРТ ЖЫЛДЫҢ ОҚУ АҚЫСЫН БІРДЕН ТӨЛЕУГЕ БОЛА МА?

"Ондай мүмкіндік қарастырылған. Бірақ көбіне банктен бір жылдық оқу ақысы үшін кредит алады. Өйткені ақылы бөлімде оқитын студенттер кейін грантқа ауысып жатады. Сондықтан бірден төрт жылға ақша алатындар өте аз. Мәселен, екінші курста несие алған студенттер төртінші курста қайта жүгінеді. Яғни, банктен бір емес, бірнеше рет білім кредитін алғандар бар", –деді Ақжол Құрмансейіт.

Ол жоба басталғалы бері екі миллиард теңгеге жуық кепілдендіру берілгенін айтты. Бүгінде бағдарламаға төрт банк қосылған. Депозиттер бойынша жылдық өсімі 9 пайыз шамасында.

Halyk Bank – 9%;

Jusan Bank – 8,3%;

Нұрбанк – 9%;

ВТБ банк – 8,8%.

Бұған қоса депозитке мемлекеттің сыйақысы берілді.

Жалпы санаттағы азаматтар үшін 5% болса, әлеуметтік жағынан осал топтағы, мысалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін 7% сыйақы қосылады.

ГРАНТҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ

Қазақстанда білім гранттарын тағайындау конкурсы екінші рет қабылдау 16 шілдеде басталды. Құжаттар электронды форматта қабылдануда.

Жоғары оқу орындарында құрылтай виртуалды қабылдау комиссиялары балаларға бейнебайланыс арқылы кеңес береді.

Түлектер конкурсқа 6 мамыр мен 1 шілде аралығында өткен ҰБТ-ның екі нәтижесінің біреуін ұсына алады. Сонымен қатар аттестат, аттестатқа қосымшаның электронды көшірмелері және электронды құжат нысанындағы көлемі 3×4 сандық фотосурет қажет.

Құжат қабылдау 25 шілдеге дейін жалғасты.

ҰБТ-дан кемінде 65 балл жинаған талапкерлер ұлттық университеттерге түсе алады.

"Педагогикалық ғылымдар" – кемінде 75 балл;

"Денсаулық сақтау" – кемінде 70 балл;

"Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" – кемінде 60 балл;

Басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл.

Биыл грант саны 5 мыңға артып, бакалавриатқа 56 мың грант бөлінді.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1092